Қоғамдық тыңдаулардың хаттамасы
«ГМК Васильевское» ЖШС Боко-Васильев кен орнындағы сульфидті кендерді өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына» қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алуға құжаттар негізінде.

1. Аумағында қызметі жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін көрсетілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы: *«Абай облысы Жарма ауданы Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.*

2. Қоғамдық тыңдау мәні: *Боко-Васильев кен орнындағы сульфидті кендерді өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына» қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алуға құжаттар негізінде «ГМК Васильевское» ЖШС.*

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы: *ҚР ЭГТРМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК, «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.*

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері: *Абай облысы Жарма ауданы Ақжал ауылдық округі Жанаозен ауылы, географиялық координаттары: 49° 06' 28.5629" N (СШ), 81° 33' 14.0970" E (ВД); 49° 06' 30.0168" N (СШ), 81° 33' 14.1790" E (ВД); 49° 06' 31.22" N (СШ), 81° 33' 49.23" E (ВД); 49° 06' 38.26" N (СШ), 81° 33' 52.26" E (ВД); 49° 06' 38.02" N (СШ), 81° 33' 1.86" E (ВД); 49° 06' 17.98" N (СШ), 81° 33' 57.00" E (ВД); 49° 06' 17.1798" N (СШ), 81° 33' 31.0978" E (ВД).*

5. Көзделін отырған қызметтің ықтимал әсеріне ұшыраған барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: *Абай облысы Жарма ауданы Ақжал ауылдық округі Жанаозен, Ақжал, Боке ауылы.*

6. Көзделін отырған қызметтің бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «ГМК Васильевское» *ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 13 үй, 1В ғимарат, 6 қабат, 605-606 кеңсе, тел: 8 (7273) 550 580, E-mail: administrator@datamining.kz, БСН 141040025888.*

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді жасаушылардың немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: *«Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, Трудовая к-сі, №9 үй, БСН: 211040029201, тел: 87774149010.*

8. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысының күні (-дері) және уақыты): *2024 жылғы 16 қыркүйек, қатысушыларды тіркеу – 10:30, қоғамдық тыңдаулардың басталуы-11:00, қоғамдық тыңдаулар Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, "Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты ММ" мекенжайы бойынша офлайн режимінде өткізілді, және Zoom платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимдерінде өткізілді:* https://us04web.zoom.us/j/72110706246?pwd=J0bsi8KECpphKMQt9abCPpobJVU3r6.1
*Конференция идентификаторы: 721 1070 6246 Кіру коды: AXn0SA*

9. Көзделін отырған қызмет бастамашысынан сұрау салу хатының көшірмесі және әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы жауап хатының көшірмесі: *Сұрау салу хатының және жауап хатының көшірмелері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 1-қосымшада берілген*.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі. *Қатысушылардың тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына 2-қосымшада ұсынылған*.

11. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылады:
1) бірыңғай экологиялық порталда: *https://ecoportal.kz, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі;*
2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: *https://www.gov.kz/memleket/entities, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде;*
3) бұқаралық ақпарат құралдарында: *«Калба Таныс» газеті 2024 жылғы 09 тамызда №32 (9342) ; «Телеканал ALTAI» 2024 жылғы 08 тамыз.*
*Газеттің электрондық нұсқасы және эфирлік анықтама осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 3- қосымшада ұсынылған.*
4) әкімшілік - аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында: *мәтіндік хабарландыруды ақпараттық тақтаға орналастыру. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 4-қосымшада ұсынылған.*

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:
*Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы болып "Абай облысы Жарма ауданы Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ бас маманы Ершикенов Е. тағайындалады.*
*«Қолдау» дауыс берді - 9 қатысушы, «қарсы» - 0, «қалыс қалды» - 0.*
*Ұсынылатын регламент:*
*1 Жоба материалдарын баяндама нысанында қарау. Ұсынылған регламент - 10 мин.*
*2. Сұрақ-жауап. Барлық тілек білдірушілер баяндамашыға сұрақтар қойып, жоба бойынша өз пікірлерін айта алады. Ұсынылатын регламент-10 мин.*
*3. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылған регламент - 5 мин. «Қолдау» дауыс берді 9 қатысушы. Регламент бірауыздан қабылданды. Қоғамдық тыңдаулар өткізілді деп танылды.*

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер: *Нугуманов Б. Боко-Васильев кен орнындағы сульфидті кендерді өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына» қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алуға құжаттар негізінде «ГМК Васильевское» ЖШС*

14. Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі:

| № р/н | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы) | Ескерту (алынған ескерту немесе ұсыныс) |
|---|---|---|---|
| 1. | Сұрақтар түскен жоқ | | |

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралатын құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың сапасы туралы оларды түсінудің толықтығы мен қолжетімділігі тұрғысынан пікірлері, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: *«ГМК Васильевское» ЖШС Боко-Васильев кен орнындағы сульфидті кендерді өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына» қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алуға құжаттар негізінде*.
*Дауыс беру әдісімен қоғамдық тыңдаулардың қорытындысын шығару: «Қолдау» - 9, «Қарсы» - 0, «Қалыс қалу»- 0.*

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

"Абай облысы Жарма ауданы Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ әкімі О. М. Бекмолдин

________________ 16.09.2024 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

"Абай облысы Жарма ауданы Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ бас маманы Е. Ершикенов

________________ 16.09.2024 ж .

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 24440610001, Дата: 06/08/2024

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории:

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Тема: ГМК Васильевское Время: 12 сент. 2024 07:00 AM Алматы Войти Zoom Конференция https://us04web.zoom.us/j/72110706246?pwd=J0bsi8KECpphKMQt9abCPpobJVU3r6.1 Идентификатор конференции: 721 1070 6246 Код доступа: AXn0SA

Предмет общественных слушаний: Материалы на получения разрешения на воздействия к Плану горных работ по добыче сульфидных руд Боко-Васильевского рудного поля ТОО «ГМК «Васильевское

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Абай, Жарминский район, Акжальский с.о. село Жанаозен, ул. Ер Жәнібек 8, в здании «ГУ Аппарат Акима Акжальского сельского округа», 16/09/2024 11:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (10 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Рудный Алтай, Дидар ; Телеканал "Алтай"

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

Доска объявлений Акимата

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ "ВАСИЛЬЕВСКОЕ" (БИН: 141040025888), 8-727-355-0580, administrator@datamining.kz, administrator@datamining.kz

Представитель: Рыльская О

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО «Legal Ecology Concept»,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 24440610001, Дата: 09/08/2024

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №24440610001, от 06/08/2024 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Материалы на получения разрешения на воздействия к Плану горных работ по добыче сульфидных руд Боко-Васильевского рудного поля ТОО «ГМК «Васильевское, в предлагаемую Вами 16/09/2024 11:00, область Абай, Жарминский район, Акжальский с.о. село Жанаозен, ул. Ер Жәнібек 8, в здании «ГУ Аппарат Акима Акжальского сельского округа»(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ "ВАСИЛЬЕВСКОЕ" (БИН: 141040025888), 8-727-355-0580, administrator@datamining.kz, administrator@datamining.kz

Представитель: Рыльская О

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО «Legal Ecology Concept»,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

**2024 жылғы 16 қыркүйектеАкжал, Бөке, Жаңаөзенауылдарынан «ТМК Бөке-Васильев кенорнындағысульфидтікендердіөндірубойынша тау-кенжұмыстарыжоспары» бойыншақоршағанортағаәсeретурұқсатыналуғақұжаттарнегізіндеқоғамдықтыңдауларғақатысушылардытіркеу парағы. «Васильевское» ЖШС**

**Регистрационный лист участников общественных слушаний 16.09.2024 года от сел Акжал, Боке, Жанаозен по материалам документов для получения экологического разрешения на воздействиек «Плану горных работ по добыче сульфидных руд Боко-Васильевского рудного поляТОО «ГМК «Васильевское»**

| № п/п | Қатысушының аты жөні/ФИО участников | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)/Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности государственного органа,Инициатора) | Байланыс телефон нөмірі/Контактный номер телефона | Қатысу форматы (жеке немесе конференц - байланыс арқылы)/Формат участия (очно или по средством конференцсвязи) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) Подпсь в случае участия на открытом собрании |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Устименко С.Ю. | жслог предприятия | 87772675585 | очно | [подпись] |
| 2 | Кунузков А.С. | Местный житель | 87762910115 | очно | [подпись] |
| 3 | Штебаев Е. Б | р. Боко | 87771696960 | очно | [подпись] |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| 4 | Зибхан Ю. Н. | с. Акжол | 87713539241 | очно | [illegible] |
| 5 | Ахметов Д. К. | с. Боко | 87057222431 | очно | [illegible] |
| 6 | Темiкбаев М. Р | с. Боко | 87475370513 | очно | [illegible] |
| 7 | Смирнов Д Ш | с. Боко | 87754879680 | очно | [illegible] |
| 8 | Кундузков К. Я | с Боко | 87779966290 | очно | [illegible] |
| 9 | Ерiшников Е. М. | с. Жанаузен | 87071221100 | очно | [illegible] |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

## ЭФИРНАЯ СПРАВКА

**К договору №128ю от 08.08.2024г.**

***ЗАКАЗЧИК:*** *ТОО «Legal Ecology Concept».*

***ИСПОЛНИТЕЛЬ:*** *ВКОФ АО «РТРК «Қазақстан», телеканал «ALTAI»*

***Рекламные услуги:*** *размещение объявления в «бегущую» строку.*

***Текст: Құрметті тұрғындар! «ГМК «Васильевское» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: Боко-Васильев кен орнының сульфидті кендерін өндіру бойынша Тау-кен жұмыстары жоспарына қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін материалдар. Әсер ету аймағы: Абай ауданы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Боке, Ақжал ауылдары (әкімшілік жағынан Жаңаозен қаласына қарайтын Ақжал және Боке ауылдарының аз қоныстанған ауылдары Ақжал ауылдық округіне қарайды). Кен өндіру алаңының ауданы 16 гектарды құрайды. Координаттар:49° 06' 28.5629" N (СЕ), 81° 33' 14.0970" E (ШБ); 49° 06' 30.0168" N (СЕ), 81° 33' 14.1790" E (ШБ); 49° 06' 31.22" N (СЕ), 81° 33' 49.23" E (ШБ); 49° 06' 38.26" N (СЕ), 81° 33' 52.26" E (ШБ); 49° 06' 38.02" N (СЕ), 81° 33' 1.86" E (ШБ); 49° 06' 17.98" N (СЕ), 81° 33' 57.00" E (ШБ); 49° 06' 17.1798" N (СЕ), 81° 33' 31.0978" E (ШБ)***

***Қоғамдық тыңдаулар 16.09.2024 сағат 11.00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Жаңаозен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, "Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты ММ" ғимаратында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін Боке, Ақжал ауылдарының тұрғындарына көлік беріледі. Боке және Ақжал ауылдарынан көлік жөнелту уақыты 16.09.2024 жылы сағат 9.30 де. Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта өтеді (ашық жиналыс және ZOOM платформасында бейнеконференция). Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.***

***Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecoportal.kz/, сондай-ақ "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.***

***Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-45-35, 8 (777) 287-49-61. Электрондық мекен-жайы: aktoty_mira@mail.ru.***

***Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «ГМК «Васильевское» ЖШС Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 13 үй, 1В ғимарат, 6 қабат, 605-606 кеңсе, тел: 8 (7273) 550 580, E-mail: administrator@datamining.kz, БСН 141040025888. Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: "LegalEcologyConcept" ЖШС, Өскемен қ., 070002, Трудовая к-сі, 9, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com. Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.Лицензия №02589Р 04.01.2023 жылы «ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі» ММ берілді.***

*Уважаемые жители! ТОО «ГМК «Васильевское», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания. Наименование проектной документации: Материалы для получения экологического разрешения на воздействие к Плану горных работ по добыче сульфидных руд Боко-Васильевского рудного поля. Территория воздействия: Область Абай, Жарминский район, Акжальский сельский округ, поселки Боке, Акжал (малонаселенные пункты поселок Акжал и Боке относится к Акжальскому сельскому округу, которые административно относятся к Жанаозену). Площадь участка ведения горных работ составляет – 16 Га. Координаты: 49° 06' 28.5629" N (СШ), 81° 33' 14.0970" E (ВД); 49° 06' 30.0168" N (СШ), 81° 33' 14.1790" E (ВД); 49° 06' 31.22" N (СШ), 81° 33' 49.23" E (ВД); 49° 06' 38.26" N (СШ), 81° 33' 52.26" E (ВД); 49° 06'*

*38.02" N (СШ), 81° 33' 1.86" E (ВД); 49° 06' 17.98" N (СШ), 81° 33' 57.00" E (ВД); 49° 06' 17.1798" N (СШ), 81° 33' 31.0978" E (ВД)*
*Общественные слушания состоятся 16.09.2024 года в 11.00 часов по адресу: Республика Казахстан, область Абай, Жарминский район, Акжальский сельский округ, село Жанаозен, ул. Ер Жәнібек 8, в здании «ГУ Аппарат Акима Акжальского сельского округа». Для жителей поселков Боке, Акжал будет предоставлен транспорт для участия в общественных слушаниях. Время отправки транспорта от п. Боке и Акжал в 9.30 часов 16.09.2024 года. Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи на платформе ZOOM). Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения.С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz/, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» e-priroda.gov.kz в разделе «Общественные слушания»: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу: г. Семей, ул. Турлыханова, 30, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел.: 8 (7222) 35-45-35, 8 (777) 287-49-61. Электронный адрес: aktoty_mira@mail.ru. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ГМК «Васильевское» г. Алматы, Бостандыкский район, проспект Аль-Фараби, дом 13, здание 1В, 6 этаж, офис 605-606 Тел: 8 (7273) 550 580 E-mail: administrator@datamining.kz БИН 141040025888.Разработчик проектной документации: ТОО «Legal Ecology Concept», г. Усть-Каменогорск, 070002, ул. М. Горького 21, БИН: 211040029201, тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com. Дополнительную информацию можно получить по адресу электронной почты: toolec21@gmail.com и тел: +7 (777) 414-90-10.Лицензия № 02589Р от 04.01.2023 года выдана ГУ «Министерство экологии, геологии и природных ресурсов РК».*

***Дата выхода:*** *09 августа 2024г.*

***Сумма:*** *112800 (сто одиннадцать тысяч двести) тенге*

***Директор***
***ВКОФ АО «РТРК «Казахстан»:*** ***Кушербаев Б.Т.***

***Заказчик:***

Жарма аудандық газеті

# ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 32 (9342) Жұма, 9 тамыз 2024 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

## Құрметті құрылысшылар, сала ардагерлері!

*Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Елді мекендердің, олардың инфрақұрылымдарының жаңаруы, бет-бейнесінің өзгеруі құрылыс саласындағы тынымсыз еңбекке байланысты. Сіздердің тікелей атсалысуларыңызбен әр өңірде түрлі бағдарламалар мен жобалар аясында жаңа өндірістік, әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер, жолдар салынып, экономика мен халық тіршілігіне қажетті заманауи ғимараттар салынып, қатарға қосылуда.*

*Күрделі еңбекті, кәсіби шеберлікті талап ететін іске құрылыс ұжымдары, оларда еңбек ететін әрбір маман үлкен күш-жігерін жұмсап, өз қолтаңбаларын қалдыруда. Осылайша, Сіздер айналадағы адамдарға зор қуаныш, жарқын көңіл-күй сыйлап келесіздер.*

*Сіздерге ауданымыздың өсіп-өркендеуіне қосқан үлестеріңіз, қажырлы еңбектеріңіз үшін алғыс білдіреміз.*

*Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбекте жаңа жетістіктер, мол қажыр-қайрат тілейміз!*

***С.Сатпеков, Жарма ауданы әкімінің міндетін атқарушы***
***М.Оспанбаев, Жарма аудандық мәслихатының төрағасы***

## ЗЕЙНТКЕРЛІККЕ ЖЕТІП, ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ




Өткен аптада аудан әкімдігінің мәжіліс залында ұзақ жыл абыройлы еңбек еткен Жарма ауданының ішкі саясат бөлімі бас маманы Омаров Айтуған Бектұрғанұлын құрметті еңбек демалысына шығарып салу салтанатты өтті. Салтанатты шара барысында аудан әкімінің міндетін атқарушы Сәкен Сатпеков Айтуған Бектұрғанұлын зейнет жасымен құттықтап, мемлекеттік қызметтегі көп жылғы қажырлы еңбегі үшін алғыс хатпен және "Жарма ауданына сіңірген ерекше еңбегі үшін" төсбелгісімен марапаттады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департамент басшысының міндетін атқарушы Ержан Айқымбековтың Алғыс хатын табыс етті.

Бүгінде құрметті еңбек демалысына шығып отырған сала ардегеріне ауданның қоғамдық, саяси және әлеуметтік өміріне қосқан үлесі үшін бірге қызмет еткен әріптестері алғыстарын білдірді.

Айтуған Бектұрғанұлы 1961 жылдың 2 тамызында Семей облысы Жарма ауданы Ақбұлақ ауылында дүниеге келген. 1982 жылы Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген. Еңбек жолын 1982-1984 жылдары білім беру мекемелерінде казак тілі пәні мұғалімі болып бастаған. 1986 жылы Семей облысы Шар ауданы Қорғанбай атындағы сегізжылдық мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалім, 1990-1993 жылдары аралығында Семей облысы Шар қаласы "Достық туы" газетінің әдеби қызметкері, кейіннен меңгерушісі болып жұмыс істеді.

1993 - 1994 жылдары Шар аудандық әкімшілігі тілдер басқармасының кеңесшісі, референт - аудармашы, 1995 жылы Шар аудандық әкімшілігінің жалпы бөлімінің маманы, 1996 -1997 жылдары Ішкі саясат және әлеуеметтік сала болімінің бас маманы,1997 -1997 жылдары ШҚО Жарма ауданы Георгиевка ауылы ауданы әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы, 1997 -1999 жылдары Аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1999 шілде айынан, бүгінгі күнге дейін Жарма ауданының ішкі саясат бөлімінің бас маманы болып қызмет атқарды.

***«Жарма ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі»***

## «АУЫЛ-АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТАДЫ



Сәрсенбі күні Жарма өңіріне Қазақстан Республикасы Премьер министрінің кеңесшісі Тогжанов Ералы Лұқпанұлы арнайы жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында Үкімет басшысының кеңесшісі өңірдегі «Ауыл аманаты» жобасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдарды дамыту жөнінде накты тапсырма берген болатын. Бұл орайда, биыл елімізде халықтың табысын арттыру бағдарламасын орындау максатында «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырыла бастады. Бүгінде еліміз көлемінде «Ауыл аманаты» жобасы бойынша ел азаматтарына 2,5 пайыздық несие беріле бастаған. Осы орайда өңірдің 53 тұрғыны ауылшаруашылығы бизнесіне бағытталған несиеге қол жеткізген. Ералы Тоғжанов ауылшаруашылығына бағытталған несиені алып, кәсіптерін дөңгелетіп отырған Қалбатау , Қапай, Бірлік, Қаражал ауылдарында тұрғындармен кездесіп, жұмыс барыстары жайында әңгімелесті. Атап айтар болсақ, Бірлік ауылының тұрғыны Мәсәлән Сарқыт 6 млн.500 мың теңге несие алып, 16 бас ірі қара мал сатып алған. Ералы Лұқпанұлы сөз кезегінде шаруаның кәсібіне ризашылығын білдіре отырып, аудан тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы ауыл шаруашылығына тікелей байланысты екенін, сондықтан малшаруашылығымен қатар, өзге де салаларды да назардан тыс қалдырмау керектігін айтты.

Ал Қалбатау ауылының тұрғыны Сәдібек Дүйсенбек 4 млн. 729 мың теңге рәсімдеп, 10 бас бие сатып алыпты. Ауыл іргесіндегі жайлауда «Батуринка» шағын елді мекенінде биесін байлап, қымыз өндіріп отырган отбасына Үкімет басшысының кеңесшісі арнайы барып, шаруамен тілдесті.
- Жалпы, ауылды сақтаймыз, қалпына келтіреміз десек, сол елді мекендердің әрқайсысының әлеуметтік-экономикалық даму жоспарын әзірлеу мәселесіне ден қоюымыз қажет. Бұл істі министрлік не жауапты басқарма емес, жергілікті ауылдық округтің басшылығы қолға алуға тиіс. Осы арқылы бірнеше проблеманы шешуге болады, сондықтан жергілікті атқарушы билік өкілдері осындай ауылшаруашылығын дамытуды қолға алған кәсіпкерлерді қолдап, кооперативтер құру- ауылшаруашылығы техникасын бірлесе пайдалану мәселесін шешуді қарастырған жөн, -деді Ералы Тоғжанов.

Келесі кезекте Қапай батыр ауылына атбасын тіреген меймандар ауыл тұрғыны, жеке кәсіпкер Нұргалиева Шұғыла Жұмагазықызының кәсібімен танысты. Бұл кәсіпкер аталған жоба аясында - 5 млн. 900 мың теңге рәсімдеп, 110 бас малын сатып алған. Бүгінде отбасындагы шағын кәсіптен нәсібін тауып отырған отбасына әрқашан сәттілік тілеп, құс өсіру, жылыжай салу сынды істі қолға алып, қосымша табыс көзін арттыруға талпынуды тапсырды. Ауданда ауылшаруашылығына бағытталған несиеге қол жеткізіп, шағын кәсіптерін жан-жақты дамыту мақсатында тынбай еңбек етіп отырған шаруалардың жұмысымен танысқан Премьер министрдің кеңесшісі Тоғжанов Ералы Лұқпанұлы сапары соңында ауданның, ауылдық округтердің әкімдеріне нақты тапсырмалар жүктеп, ауылшаруашылығы кәсібін дамытқысы келетін әрбір тұрғындарға қолдау көрсету қажет екенін айтып өтті.

«Ауыл аманаты» жобасының мақсаты — ауыл халқының табысын арттыру, тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді жан-жақты қолдау, аграрлық бизнесті ілгерілету мәселелерін шешуге бағытталған. 2023 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру басталды. Бағдарлама жылдық 2,5% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 5 жылға дейінгі мерзімге шағын несие беруді көздейді, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін шағын несие мерзімі – 7 жылға дейін. Шағын несиенің ең жоғары сомасы – 2,5 мың АЕК-ке дейін (2024 жылы – 9,2 млн теңге), ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін – 8 мың АЕК-ке дейін (2024 жылы – 29,5 млн теңге).



Аудан бойынша 53 жеке кәсіпкер мал басын көбейтіп, 1 жеке кәсіпкер наубайхана ашқан. Бүгінгі күнде төлдерін алып, өнімдерін сатып, табыстарын арттырып отырған бұл тұрғындарға 2023 жылы 301 млн. теңге бөлініп, толығымен игерілген. «Ауыл-аманаты» жобасы тұрғындардың тұрмысын жақсартып, ауыл халқының табысын арттыруға бағытталғандықтан, алдағы уақытта да өңір тұрғындары бағдарламаны ұтымды пайдалана аларына сенім білдіреміз.

***Кәусар Арықханқызы.***

kalba_tynysy | kalba_tynysy | rv_media2@mail.ru | 8-723-47-6-26-99

***КӘСІБИ МЕРЕКЕ КАРСАНЫНДА***

# ҚҰРЫЛЫСШЫНЫҢ ҚОЛЫ АЛТЫН



Жыл сайын еліміз бойынша тамыздың екінші демалысында құрылысшылар үшін маңызды мереке өтеді. Өйткені дәл осы күні – құрылысшылар өздерінің кәсіби мерекелерін тойлайды.

Құрылысшы – қиялы жүрік, құрыш қолды, еңбегі зор мәртебелі мамандық. Қоғамның айнымас бөлшегі, экономиканың негізгі тірегі де осы кәсіби мереке иелері екені талас тудырмас. Рухы мықты бұл мамандардың қоғамға қосар үлесі де көп. Бүгінде ауданның инфрақұрылымы мен экономиканың іргетасын қалыптастыруда құрылысшылардың алтын қолынан шыққан нысандар баршылық. Өңірдің құрылысшылары аудандакөз тартар келбеті бар әдемі нысандар, экономикалық маңызды кесенелер, өрнегі басым үйлер, қиюы жарасқан ғимараттар салынғанын көпшілігіміз көріп жүрміз.

Осы орайда маңызды да қажетті мамандық иесі, саналы ғұмырын құрылыс саласына арнап, аудан орталығы Қалбатау ауылында бой көтерген талай-талай ғимараттың әр кірпішін қалауда өзінің өлшеусіз үлесін қосқан Шарипов Советбек Хадесұлымен мереке қарсаңында тілдескен едік.

Өз ісінің майталман маманы 44 жыл құрылыс саласына тер төгіп келеді. Қазір де үй тұрғызып, кірпіш қалағандағы қиялының жүйріктігі көпшілікті таңғалдырып жүрген құрылысшының қолынан Қалбатау ауылындағы дүкендер, баспана-үйлер мен мейрамхана, нысандар тұрғызылған. Әсіресе, бояуы қанық қызыл кірпішті қалағанда ойының ұшқырлығымен қисыннан қиыстыра салынған, өңір тұрғындарының сұранысы ие көптеген үйлер тағы басқа ғимараттарда кәсіп иесінің қолтаңбасы бар.

Советбек Хадесұлы 1958 жылы Қалбатау ауылында дүниеге келген. 1975 жылы қазіргі Абай атындағы мектеп-гимназиясын тәмамдайды. 1980 жылдан бастап сол кездегі «ПМК-2209» құрылыс мекемесінде еңбек етеді. Талдықорған құрылыс техникумының түлегі. Зейнеткерлікке шыққанға дейін ауданда қарапайым құрылысшыдан осы салада басшылық қызметті де атқарады. Өз ортасында ғана емес, қоғамда да үлкен құрметке ие бұл мамандыққа құрылысшы тосыннан келмеген. Екінің бірінің қолынан келмейтін, ыждағаттылықты талап ететін, жоғары кәсібилік және шығармашылық потенциалды қатар қоя білетін адам ғана серік ететін мамандықты жаны қалап, бар ғұмырын сүйікті ісіне арнаған.

-Бала кезімде сурет салуды өте жақсы көрдім. Семей қаласына оқуға түсіп, «худграфты» яғни, бейнелеу және сурет салу мамандығын таңдадым. Алайда, 1-курсты оқып жүргенде әкем өмірден озып, оқуды аяқсыз қалдырдым. Дегенмен сурет салумен қатар, құрылыс саласы да жаныма жақын мамандық болды. Кірпіш қалауды әрі өрнектеп жинауды өте жақсы көремін. Сондықтан мен кірпіш қалап, үй тұрғызудан жалықпаймын, өз ісімді, жұмысымды жақсы көремін,-дейді Советбек Хадесұлы. Ал құрылысшы болғысы келетін жастарға айтар кеңесіңіз қандай деген сауалымызға әрбір жас маман жауапкершілік пен төзімділікті қатар алып жүрсе кәсібінің иесі болары сөзсіз екенін айтып өтті.

Бүгінде Қалбатау ауылында өз қолымен тұрғызған шаттыққа толы шаңырағында жары- Мейрамгүл Шалағазықызы екеуі Диана, Гүлмира, Альмира, Назерке атты қыздарын өмірге әкеліп, алдын құтты орнына қондырып, немере сүйіп отырған бақытты жанұя.

Қазіргі таңда Советбек Хадесұлы Семей қаласында тұратын қызына зәулім үйді өзінің қолымен тұрғызып, құрылысын жүргізіп жатқанын айтқан еді. Иә, мамандығын жаны жақсы көретін, білікті де білікті ардагер құрылысшының алтын қолынан ауданда әлі талай ғимараттар бой түзері сөзсіз. Аудандағы барлық құрылысшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз, өңірдің өркендеуіне үлес қосып жүрген сала мамандарына толағай табыс тілейміз.

***Кәусар Арықханқызы.***

***АКЫН ТӨЛЕУ КӨБДІКОВТІН ТУҒАНЫНА -150 ЖЫЛ***

# ТӘРБИЕСІМЕН ДЕ, ӨНЕРІМЕН ДЕ ҰЛЫ АБАЙДЫ ТӘНТІ ЕТКЕН (XIX-XX FF.)

Абай өңірі ежелден жыраулық, ақындық өнердің қайнар көзі десек, оған ешкімнің таласы бола қоймас. Сонау заманда «елім» деп еңіреп өткен Ақтамбердіден бастап, бүгінгі балауса ақындарымызға дейін тілі жаттық, мағынасы терең, көркемдігі ерекше жыр тудырып, халқына тарту еткені мақтанарлық жай. Сондай мақтан тұтарлық ақындық пен әншілік өнерді тең ұстаған, өжет мінезімен өз ортасына ерте танылған ұлы ақын Абайдың замандасы, сыйласы болған қазақ қыздарының бірі - Қуандық Сабырбайқызы.

Сүйіндік ауылы Сабырбай ауылымен құдандалы болған.

Ақын қыздың ата қонысы Еңірекей өңірі, қазіргі «Үшбиік» ауылдық округінің аймағы. Шыққан тегі Найман Сыбанның Жанкөбегінен тарайды, әкесі - атақты Байғара биден шыққан он жеті ақынның бірі Сабырбай, Ақтайлақ бидің кенжесі. Көкірегіне жыр ұялаған айтыскер ақын Сабырбайқызы Қуандықты жас кезінен сөз өнеріне баулиды. Дарынды, өнерлі қыз ұлттық айтыс өнерінің қыр-сырын тез меңгеріп, ерте кезден аты елге жайылып, ақын қыз атанады. Шаршы топтың алдында жасқанбай жыр сайысына түсіп, әншілік өнерімен де аты шығады. Жоғарыда айттық, Қуандық ақын жасында Абайдың замандасы, сыйласы болған деп, себебі, Сыбан мен Тобықты елі іргелес көрші елдер. Ежелден ілік-шатыс құдандалы. Туыс, бірімен-бірі аралас жатқан. Сол дәстүрді Абай мен Қуандық та жалғастырған сияқты. Осы екі жастың сыйластығын ұлы Мұқаң, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романының 1-кітабында тамаша сипаттаған. Романда Тобықты, Сүйіндік ауылы құдандалы. Асылбектің әйелі Қарашаштың төркіні. Қарашаштың сол өз төркініне қонақшылап баруы сөз болады. Ежелгі достар Абай мен Ерболды да бірге ала барады ғой. Қуандық Абайды сырттан жақсы біледі. Өлендерімен де таныс. Ақындық өнерін ерекше ұнатып, бір көрсем-ау деп, жастық көңіл армандайтын-ды. Сол арман іске асқандай. Абай жас достарымен қыз ауылына қонаққа келіп қалмасы бар ма?! Міне, бар қызық та, сыйластық та, сырластық та осы жолы басталады ғой. Осы бір сәтті жазушы Мұхаң романда былай сипаттайды екен:

«Әңгіме жалпақ елдің жайына көшкен кезде, Абай шешіле түсті. Бұл уақыттарда кешкі шай ішіліп болып, тыста мал сойылып жатқан болатын. Қарашаштың қасында отырған қыздар да көп еді. Қазіргі жайдан соң олар да тарады. Енді сол көп қыздардың ішінен бөлініп қалған бір ғана ұзын бойлы, ақсары қыз бар. Сұлу денелі, ашық нұр жүзді әсем бойжеткен. Жіңішке қап-қара қасы Абайға алдымен байқалды. Кейбір кішкентай қозғалыстарымен Тоғжанның қасын еске түсірген. Ұзынша боп біткен, үлкендеу келген қоңырқай көздері саналы сияқты. Анда-санда күле қарап, жалт етіп қарағанда әлдеқандай көп шұғылалы, мол сәуле төккендей болады. Сопақша біткен сұлу жүзінде Қадырбай қызы екенін дәл танытады. «Қадырбайдың ақын қызы» деп аталатын Қуандық осы екен».

Кезінде солақай саясаттың салдарынан романда Мұхаңның ақын Сабырбай атын өзгертіп «Қадырбай» деп жазғанын көпшілік оқырман хабардар болар. Осылай ардақты жазушымыз Қуандық келбетін Абаймен шендестіре, тең құрбысы ретінде сипаттап суреттеген ғой. Осы бір сәтті жазушы былай береді: «Қуандық Абайдың теңі. Тәрбиесімен, өнерімен, ақыл парасатымен де өзгеше жан. Сөз жоқ. Әлі күнге өз өмірінде кездескен әйелдердің ішінде Абайдың өнерлі, сұлу, қайратты қыз көргені осы». («Абай жолы» 1-кітап, 248-б.).

Анасының ақындық өнерін ұлы Төлеу жалғастырды.

Меніңше, осыдан артық мінездеме, суреттеме беру мүмкін емес. Қуандық ертеден ел арасына тараған ауыз әдебиеті үлгілері мен халық әндерін жаттай біле, айта жүріп, өз ортасында, ел ішінде зор беделге ие болған ақын. Орта жасқа келгенде ақындығымен де, әншілігімен де, айтыскерлігімен де кейінгі жастарға үлгі-өнеге көрсете білген. Аумалы-төкпелі заманда ақынның көптеген әдеби мұрасы сақталмай, жиылмай ел аузында қалған аздаған мұралары ғана кейінгі буынға жетіп, тарала бастады. Оның ақындық қасиеті атадан балаға тарайтын дәстүрмен, балаларына дарығаны белгілі. Оның ақындық өнерін баласы, республикаға танымал халық ақыны Төлеу Көбдіков жалғастырды. Төлеу де анасы сияқты суырыпсалма, айтыскер ақын болған. Бұл жөнінде ел арасына тараған мынадай бір қызық әңгіме бар. Ол былай болыпты:

Төлеу ер жетіп, билікке араласып, ауылнай боп жүргенде қоржынға салып жүрген іс-қағазын, ауылнайлық мөрін жоғалтып алып, үйдегі шешесі Қуандыққа айтуға бата алмай жүреді.

Қанша жүрсін, ақыры еңсесі түсіп, ренішті көңілмен үйіне келіп, шешесіне амандасады ғой. Сонда төрде жантайып жатқан інісі басын көтеріп:

-Ассалаумағалейкум, ауылнай- дегенде, іле анадайда отырған қарындасы:

- Жолда түсіп қалды ма черновойың?- депті. Оларды тыңдап, жіп иіріп отырған шешесі Қуандық ренішті кейіппен:

Бар сенгенім сен болсаң, нәйім-нәйім, - депті.

Сол сәтте жас ақын Төлеу де қарап қалмай, қолма-қол:

-Сотталып кетсем-дағы өзім көрем, басыма салмандаршы сары уайым, - деп төрге жайғасыпты. Міне, айтыскерлік өнер ұрпақтан-ұрпаққа дарыды деген осы болар. Негізі Сабырбай ақын балаларының ішінде ақындық өнері осы қызы Қуандыққа қонады деп үлкен сенімде болыпты. Оны Сабырбайдың қартайып, өлер алдында қызы Қуандықпен сөз сайысынан көруге болады. Сабырбай:

- Хан Шыңғыс, Қарашоқы, Үшқаратал,
Өтеді біздерден де дүние тар.
Атыңнан айналайын Қуандығым,
Бес қап жел бойға қонған үйреніп ал.

Қуандық:

Атамекен қонысымыз Үшқаратал,
Ағызып өлеңменен таңдайдан бал.
Кісі өлеңі кісіге өлең болмас,
Өзімнің де жетерлік өленім бар, - деп

әкелі-балалы екеуі өнер, өлім жайында біраз сайысады. Әкесі Сабырбай өлген соң, Қуандық, Шұбартау өңіріндегі Жобалай Керейден шыққан Көбдік деген азаматқа әйел үстіне (екінші әйел) әйел болып барады. Сыбан Сабырбайқызы Қуандық Керей еліне ұзатылып келе жатады ғой. Хабарды естіген Көбдіктің бәйбішесі, Қуандықтың болашақ күндесі Үлкер шыдай алмай алдынан шығып, ашулы түрде:

-Бұл атасының ауылына неге аттан түсіп, жаяуламай келеді. Кәне, күндестің бетін көрсетіңдерші маған! - деп қаһарланады. Оған жаси қалатын Қуандық па, қайта қайраттана қыр көрсетіп, өлеңдете жөнеледі:

-Керейге келін болдық баяулатып,
Бастама жаман ырым жаяулатып.
Болғанда сен - Үлекер, мен - жандарал,
Қойдың ба, үй тіктіріп, даярлатып,- деп шіренеді.

Қарсы жауап айта алмай, сөзден ұтылған бәйбіше беті қайтып, отауға қарай тура жөнеліпті, дейді білетіндер. Дегенмен, ақылы бар Үлекер бәйбіше жеңе алмасын түсініп, жөнге келген сияқты.



*Абай облысы Аягөз ауданы Емілтау ауылынан 18 шақырым жерде орналасқан.Мұзбел жайлауы,Тасқора(Төлеу қорасы) төбесінде жатыр*

Ел ішінде Қуандық ақынның беделін көтерген мына бір жайды көз көргендер тамсана әңгімелейді. 1919-1920 жылдары Кеңес өкіметі жаңа орнап, бай, кедейге бөлініп, шолақ, даңғой белсенділер көбейіп, ел ішіне қасқырдай шауып жұрт мазасын ала бастаған кез. Сондай алаңғасар бір белсенді Қуандық ауылына ат ойнатып келе жатып, жолда қылышын түсіріп алыпты. Қайда қалғанын білмей, ауылдағы бала-шаға, кемпір-шалдың мазасын алып, ат ойнатса керек. Бұл жайсыз хабарды естіген 70-тен асқан Қуандық ақын да далаға шықса, өкілдің әлі де әкіреңдеп, жұрттың мазасын алып, көрінгенге ұмтылып, «қылышымды табыңдар!» деген былапыт сөздерін естиді. Оғаш мінезге шыдай алмаған ақын ел көзінше өкілді қасына шақырып алып:

- Қай жерге түсіп қалды қылышыңыз,
Неден тығыз болды екен жұмысыңыз.
Жан беретін кісідей алқынасың,
Тарылып,ісіп-кеуіп тынысыңыз.
Қылышың түспес еді шаппағанда,
Осы елді қырмақпысың таппағанда
Қорқытып, елден тонау жинайын деп,
Шығып па ең бері қарай аттағанда?
Өзің тап түсіп қалса қылышыңды,
Кім көрген жын секілді жүрісіңді.
Қылышыңа мына ел міндетті ме,
Ақырандамай, енді өшір дыбысыңды! - депті.

Содан өкіл өз ісінің теріс екенін түсініп, іс насырға шабатынын байқап, Қуандық ақын-әжеден кешірім сұрап, жөніне кетіпті.

Сөз соңында айтарымыз, ел ішінде аты аңызға айналған Қуандық апамыздай өнегелі өмірімен, дарынды ақындық өнерімен әлі де болса қалың оқырманға жетпей, танылмай, жиналмай жатқан қаншама өнер иелері - ақындар баршылық. Соларды жинақтап, ел кәдесіне жаратсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Таяуда Төлеу ақынның тікелей ұрпағы Есентай Тегісбекұлы Қуандық анамыздың (суреттегі ) зиратын қалыпқа келтіріп, реттеп, жөндеу жұмыстарын жүргізін келді. "Алып анадан туады" деген арда қазақ ақынды өмірге әкелген анаға құрмет көрсетіп, ұрпақ ұлықтап жүретін игі іс атқарғанына көңіл марқайып қалды. Өйткені Қуандықтай ділмар анамыз болмаса , тамсандырған Төлеудей ақын өмірге келмес пе еді?!

***Мәуітқазы Зүкенов, ардагер журналист, Өскемен қаласы.***

# АБАЙ ОБЛЫСЫ ЖАРМА АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ №9 ҚАУЛЫСЫ

31 шілде 2024 жыл Қалбатау ауылы

**Жарма ауданының Үшбиік ауылдық округі, Әуезов және Жарма кенттері әкімдерін сайлау бойынша сайлау округтерін құру туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына және 22-бабына сәйкес, Жарма ауданының аумақтық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.Жарма ауданының ауылдық округ және кенттері әкімдерін сайлау үшін сайлау округтері құрылсын:

1)Үшбиік ауылдық округі әкімінің - Үшбиік ауылдық округінің шекарасында Үшбиік сайлау округі;

2)Әуезов кенті әкімінің – Әуезов кентінің шекарасында Әуезов сайлау округі;

3)Жарма кенті әкімінің – Жарма кентінің шекарасында Жарма сайлау округі.

2.Сайлау округтерінің тізімі, олардың шекаралары және аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, аудандық «Қалба тынысы» газетінде және Жарма ауданының аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында жариялансын.

***Ж. Есенжолова, Сайлау комиссиясының төрайымы***
***Ж. Нуралинова, Сайлау комиссиясының хатшысы***

# ПОСТАНОВЛЕНИЕ №9 ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИЙ

31 июля 2024 года село Калбатау

**Об образовании избирательных округов по выборам акимов Ушбиикского сельского округа, поселков Ауезова и Жарма Жарминского района**

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4 статьи 21, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» территориальная избирательная комиссия Жарминского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1.Образовать избирательные округа по выборам акимов сельского округа и поселков Жарминского района:

1)Акима Ушбиикского сельского округа – Ушбиикский избирательный округ в границах Ушбиикского сельского округа;

2)Акима поселка Ауезова – Ауезовский избирательный округ в границах поселка Ауезова;

3)Акима поселка Жарма – Жарминский избирательный округ в границах поселка Жарма.

2.Опубликовать список избирательных округов с указанием их границ и места нахождения территориальной избирательной комиссии Жарминского района в районной газете «Калба тынысы» и на интернет-странице территориальной избирательной комиссии Жарминского района.

***Ж. Есенжолова, Председатель избирательной комиссии***
***Ж. Нуралинова, Секретарь избирательной комиссии***

# ЖАРМА АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

Қалбатау ауылы, Достық көшесі, 98, 2 қабат, 3 кабинет
8 (72347) 65-437
(ХҚКО ғимараты)
Төрайымы - Есенжолова Жанат Сырлыбаевна, төрайым орынбасары - Масалимова Маржан Ясынбековна, хатшы-Нуралинова Жадыра Орынбекқызы,
комиссия мүшелері: Бабашева Сауле Музапаровна, Есжанова Гульмира Нуржановна, Тажиева Асель Сакеновна, Тұрсын Арайлым Талғатқызы.

# СОСТАВ И МЕСТОНАХОЖДЕНИЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ ЖАРМИНСКОГО РАЙОНА

с. Калбатау, ул. Достык, 98, 2 этаж, 3 кабинет. Тел.8 72347 65-437
(здание ЦОН)
Председатель – Есенжолова Жанат Сырлыбаевна, заместитель председателя – Масалимова Маржан Ясынбековна, секретарь – Нуралинова Жадыра Орынбеккызы, члены комиссии: Бабашева Сауле Музапаровна, Есжанова Гульмира Нуржановна, Тажиева Асель Сакеновна, Тұрсын Арайлым Талғатқызы.

# ЖАРМА АУДАНЫ БОЙЫНША УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

## *№357 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ*

Жарма кенті, 3-квартал. Жарма кентінің клуб ғимараты.
Тел. 8 72359 42-223
Төрағасы–Салимбаев Нурлан Есимханович, Төрага орынбасары–Қалихан Маржан Еркінбекқызы, Хатшы– Аканова Назерке Асхатқызы
мүшелері: Бекказина Баянжан Мукатаевна, Маткасимов Жасулан Батырханович, Муханова Айгуль Ахметовна, Увалиева Айгуль Калимхановна.

## *№361 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ*

Үшбиік ауылы, Байғара көшесі, 2-үй. «Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ-нің ғимараты. Тел. 8 72347 25-401
Төрағасы– Әнуарбеков Қуат Миржанұлы, Төрага орынбасары– Елемесова Кумис Хасеновна, Хатшы– Абенова Акку Ерболовна
мүшелері: Леспаева Назымгуль Алихановна, Такурова Гульнар Советкановна, Тананова Культай Шаяхметовна, Игибаева Куралай Амангелдиевна.

## *№372 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ*

Әуезов кенті, Садуақасов көшесі, №90 «В». «Әуезов кенті әкімінің аппараты» ММ-сі ғимаратының 1-қабаты. Тел. 8 72347 55-200
Төрайымы– Айтимова Самал Сериказыевна, Төрайым орынбасары– Муканова Макып Тлеужановна, Хатшы–Оспанова Асия Қабделовна, мүшелері: Амиргазина Райхан Кайратовна, Айдарханова Ардак Токтажановна, Алимбекова Айнур Абдуллаевна, Куспеков Руслан Амиргазинович.

## *№373 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ*

Әуезов кенті, Квартал Б, 36. Әуезов кентінің мәдениет үйі.
Тел. 8 72347 40-246
Төрайымы –Шингисова Лазат Серикбаевна, Төрайым орынбасары– Игенова Гульжанат Куанышбаевна, хатшы – Қабылхан Ақбота Нұрболатқызы, мүшелері: Думан Дархан Думанұлы, Куиспаева Айгерим Серикхановна, Мамонова Гульжан Кумаровна, Мейрамбекова Жадыра Мейрамбекқызы.

# СОСТАВЫ И МЕСТОНАХОЖДЕНИЕ УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИИ ЖАРМИНСКОГО РАЙОНА

## *СОСТАВ УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ №357*

поселок Жарма, квартал 3, здание клуба поселка Жарма. Тел. 8 72359 42-223
Председатель–Салимбаев Нурлан Есимханович, заместитель председателя-Қалихан Маржан Еркінбекқызы, секретарь–Аканова Назерке Асхатқызы
члены комиссии: Бекказина Баянжан Мукатаевна, Маткасимов Жасулан Батырханович, Муханова Айгуль Ахметовна, Увалиева Айгуль Калимхановна.

## *СОСТАВ УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ №361*

село Ушбиик, ул.Байгара, 2.
здание КГУ «Средняя школа имени Актайлак би»
Тел. 8 72347 25-401
Председатель–Әнуарбеков Қуат Миржанұлы, заместитель председателя-Елемесова Кумис Хасеновна, секретарь-Абенова Акку Ерболовна
члены комиссии:Леспаева Назымгуль Алихановна, Такурова Гульнар Советкановна, Тананова Культай Шаяхметовна, Игибаева Куралай Амангелдиевна.

## *СОСТАВ УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ №372*

поселок Ауезова, ул.Мира, 90 «В». 1 этаж здания ГУ «Аппарат акима поселка Ауезова». Тел. 8 72347 55-200
Председатель–Айтимова Самал Сериказыевна, заместитель председателя–Муканова Макып Тлеужановна, секретарь-Оспанова Асия Кабделовна
члены комиссии: Амиргазина Райхан Кайратовна, Айдарханова Ардак Токтажанова, Алимбекова Айнур Абдуллаевна, Куспеков Руслан Амиргазинович.

## *СОСТАВ УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ №373*

поселок Ауезова, Квартал Б, 36. здание дома культуры поселка Ауезова.
Тел. 8 72347 40-246
Председатель– Шингисова Лазат Серикбаевна, заместитель председателя– Игенова Гульжанат Куанышбаевна, секретарь- Қабылхан Ақбота Нұрболатқызы
члены комиссии: Думан Дархан Думанұлы, Куиспаева Айгерим Серикхановна, Мамонова Гульжан Кумаровна, Мейрамбекова Жадыра Мейрамбекқызы.

## Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу саласындағы заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ нормашығармашылық процесін оңтайландыру бойынша өзгерістер

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 5 шілдедегі № 464 бұйрығымен бекітілген нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және мемлекеттік тіркеу қағидаларына (бұдан әрі –Қағида) тиісті өзгерістер өзгерістер енгізілді:

жобаларды мүдделі мемлекеттік органдармен, қоғаммен және бизнеспен қатар келісу (Қағиданың 43-тармағы), бұл жобаларды келісу уақытын қысқартуға, сол арқылы нормативтік құқықтық актілерді (әрі қарай - НҚА) қабылдауды жеделдетуге мүмкіндік берді;

Бұл процесс бұрын Қағидаларға түзетулер енгізілгенге дейін НҚА жобаларын келісу кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын: I-кезең мүдделі сараптама ұйымдарымен, қоғамдық кеңеспен, «Атамекен» ҰКП және т.б., II-кезең мүдделі мемлекеттік органдармен. Бүгінгі таңда бұл процесс бір кезеңде жүзеге асырылады.

жобаларды «әдепкі қалпы бойынша» келісу енгізілді (Қағиданың 53-тармағы);

Мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар әзірлеген НҚА жобасын келісу мерзімі ол келіп түскен күннен кейін он жұмыс күні ішінде деп белгіленген, алайда, бұған қарамастан мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар белгіленген мерзімде кешіктіретін болатын.

Осыған байланысты Қағидаға келесі өзгеріс енгізілді, егер мүдделі мемлекеттік орган немесе ұйым белгіленген мерзімде жауап ұсынбаған жағдайда НҚА-ның жобасы ескертусіз келісілген болып есептеледі, осылайша заңнамалық нормалардың іске асырылуы жеделдетілді.

жобаларды жария талқылау рәсімі оңтайландырылды, жобаға пікірлер болмаған кезде қосымша талқылаудың қажеттілігі алынып тасталды;

Атап айтқанда, Әділет министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 849 бұйрығымен (№ 24634 болып ӘМ тіркелген) бекітілген ашық НҚА интернет-порталында заңға тәуелді НҚА жобаларын орналастыру және жария талқылау Қағидаларының 10-тармағы мынадай нормамен толықтырылды: егер ақпаратты пайдаланушылар жария талқылау процесінде жобаға ескертулер және (немесе) ұсыныстар ұсынбаған жағдайда, жобаның жария талқылауының аяқталуы туралы есебі белгіленген нысан бойынша автоматты қалыптастырылады.

әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын НҚА шығару процесі реттелді;

Қағиданың 3-тармағы мемлекеттік тіркеуге жатпайтын НҚА жобаларын әзірлеу және келісу «Құқықтық актілер туралы» Заңының және осы Қағиданың НҚА әзірленген жобаларының жария талқылау үшін ашық НҚА интернет-порталына орналастыру, қоғамдық кеңестің ұсынымдарын, Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының және сараптамалық кеңес мүшелерінің сараптамалық қорытындыларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамаларды алу, Кәсіпкерлік кодексінің 82 және 83-баптарының талаптарын ескере отырып, реттеушілік әсерге талдау жүргізу, сондай-ақ ҚР НҚА Эталондық бақылау банкіне (бұдан әрі – ЭББ) ресми жариялауға жіберуге қатысты талаптарын ескере отырып жүзеге асырылатын нормамен толықтырылды.

Аталған түзетудің қабылдануы «Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын НҚА тізбесін бекіту туралы» Әділет министрінің 2023 жылғы 26 маусымдағы № 408 бұйрығының (ӘМ №32893 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тізбе) негізінде қызметтің түрлі салаларындағы мәселелерді реттейтін бірқатар НҚА мемлекеттік тіркеуден шығарылуымен байланысты.

Тізбеде орын алған НҚА салалық сипатта болатындығын да атап өту қажет. Яғни, актілердің ерекшелігі әділет органдарына мазмұндық бөлігі бойынша ескертулер енгізуіне мүмкіндік бермейді және заң сараптамасы оларды рәсімдеу мен қабылдауға заңнамалық құзыреттіліктің болуы бөлігінде ғана жүргізіледі.

Мысалы, квоталарды, лимиттерді, бағаларды, тарифтерді, тарифтік ставкаларды, нормаларды, нормативтерді, өлшемдерді, оның ішінде тиісті қағидалар, әдістемелер немесе басқа НҚА (тізбенің 16-тармағы) негізінде айқындалатын олардың шекті не ең төменгі мәндерін бекіту (айқындау, белгілеу) туралы НҚА.

Өз кезегінде, мемлекеттік органдармен НҚА қандай да бір әдістемелерсіз және тиісті қағидаларсыз дербес әзірлеген жағдайда олар әділет органдарымен келісу рәсімінен және кейіннен мемлекеттік тіркеуден өту жөн.

Сондай-ақ, тізбеде көзделген кейбір НҚА бекіту мемлекеттік органның өзінің айрықша құзыреті болып табылатындығын атап өткен жөн.

Мысалы, әкімшілік-аумақтық бірліктерге, құрамдас бөліктерге атау беру және олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту туралы НҚА (тізбенің 12-тармағы).

Бұдан әрі, тізбенің 11-тармағында үшінші тұлғалардың мүдделерін қозғамайтын мемлекеттік органдардың, олардың қарауындағы ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұлттық операторлардың қызметін реттейтін НҚА-лер көзделген.

Тізбені қалыптастыру кезінде оларды алып тастаудың құқықтық салдары ғана емес, оларды одан әрі қолданудың заңдылығын қамтамасыз етудің өзге де нысандарының мүмкіндігі де ескерілгендігін атап өту маңызды (жария талқылау үшін «Ашық НҚА» порталында нормативтік құқықтық актілердің

жобасын орналастыру, қоғамдық, сараптамалық ұсынымдар мен қорытындылар алу, мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберу, сондай-ақ НҚА қабылданғаннан кейін оны жалпыға бірдей мәлімет үшін ЭББ-да ресми жариялауға жіберу).

Конституцияның 4-бабына сәйкес азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты НҚА ресми жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

НҚА ресми жариялануы – НҚА қазақ және орыс тілдеріндегі толық мәтінін жалпыға бірдей мәлімет үшін ЭББ-де электронды түрде жариялау («Құқықтық актілер туралы» Заңның 1- бабы 30) тармағы).

Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 (ӘМ № 33059 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген ҚР НҚА мемлекеттік Тізілімін жүргізу қағидасының 10-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдар мемлекеттік тіркеуге жатпайтын НҚА-ды «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтына» оларға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде НҚА қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жібереді.

Осы тұрғыда Қағидаға енгізілген өзгерістер әзірлеуші мемлекеттік органдармен нормашығармашылық процесін оңтайландыру мақсатында жүзеге асмырылуда.

***Мейрлен Кайратов, Абай облысы Әділет департаментінің нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу бөлімінің басшысы .***

*МАМАНДАР ЕСКЕРТЕДІ!*

## СУҒА ДҰРЫС ШОМЫЛЫҢЫЗ!

Суға шомылу маусымын көпшілік асыға күтетіні белгілі. Өйткені суға түсу демалыс қана емес, денені шынықтырудың жақсы құралы ретінде де қызмет етеді. Бірақ немқұрайлылық, абайсыздық, судағы шамадан тыс еркелік соңы қайғылы оқиғаға әкеледі.

Қарапайым қауіпсіздік шарасын сақтамау салдарынан жыл сайын мыңдаған адам қайтыс болады.

Ең бастысы демалысты жоспарлаған жөн. Қайда барып шомыласыз, кіммен барасыз дегендей. Мысалы өзіміз бала-шағамен демалысқа шықсақ, балаларға бас-көз болатын арнайы адамның болуын қадағалаймыз. Көп жағдайларда табиғат аясына, су жағасына шығамыз. Әсіресе демалушы су жағасына қарай ұмтылатыны жасырын емес. Суға түседі, демалады. Ересектер жағы ішімдік ішетіні бар. Осындай жағдайларда су жағасында ойнап жүрген балалар қараусыз қалады. Суға батып кетеді, бір-бірін тұншықтырады, ойнайды. Үлкендер демалатын болса, балаларсыз барған жөн. Немесе балалар барған жағдайда балаға қарайтын арнайы адамның болғаны дұрыс.

Барлық ағын суларда суға түсуге тыйым салынған. Яғни суға түсуге мүлдем болмайды. Қолымыздан келетіні – алдын ала ескерту жасап, сақтық шараларын ұстануға шақыру. Кейбір қалаларда суға түсуге арналған арнайы орын бар. Сол жерге суға түсуге кеңес береміз. Ол жерде ересектерге, балаларға арналған арнайы орындар жасақталған. Балалар суға түсетін жағында құтқарушы әрдайым бақылап отырады. Құтқару құрал-жабдықтарымен жабдықталған арнайы орындарға барған абзал. Бұрын барып көрмеген, білмейтін жерге суға шомылуға барғанда ересек адам суға бірінші кіргені дұрыс. Осылайша суға түсуге бола ма, болмай ма, су асты таза таза емес пе, соны көріп тексеріп шығады екен.

Суға түсудің де өз тәртібі бар. Бірінші, белден келетін жерге суға кіріп, денені үйретіп алған дұрыс. Қандай ыстық болса да, су қандай жылы болса да денені суға үйретіп алған жөн. Ол үшін белге дейін ғана кіреміз, аяғымыз суға үйренген соң, денемізбен ақырындап суға ене бастаймыз. Содан кейін қолмен суды денемізге шашып, мойынға дейін отырамыз. Ыңғайы келсе сүңгіп аламыз. Белден келетін жерге сүңгіп, содан кейін барып шомылған дұрыс.

Құтқарушының пікірінше, дене қызып тұрғанымен, су кішкене салқындау болады. Суға секіргеннен кейін организм соққы алып, аяқ-қол тартылады. Сондықтан қандай жағдай болмасын денені үйретіп алған жөн.

Одан бөлек:

белгісіз жерлерде сүңгуге болмайды, су түбінде суға батқан бөренелер, тастар, ағаштар болуы мүмкін;

балдырлары бар шалшықты суға түсуге болмайды;

дауылды күні немесе күшті соқпа толқыны бар жерлерде суға түсуге болмайды;

қайықтарға жабысуға, өтіп бара жатқан кемелерге қарай жүзуге, су жолы белгілерінен шығып кетуге болмайды;

егер де ағысы қатты суға түсіп кетсең, ағысқа қарсы жүзуге тырыспау керек, өйткені оған шамаңыз жетпейді. Мұндай жағдайда жағаға жақындайтындай болып ағыс бойымен жүзуі керек;

көмекке шақырудан ешқашан ұялмау қажет;

жалған айқай, қатер белгісін беруге болмайды;

балалардың суға шомылуы тек ересектердің бақылауымен жүргізілуі керек.

***Ә. Кенжебек, Аудандық Төтенше Жағдай бөлімінің маманы.***

# ЖАРМА АУДАНЫ ӘУЕЗОВ, ЖАРМА КЕНТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ҮШБИІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

### № 372 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: Абай облысы, Жарма ауданы, Әуезов кенті, М. Садуақасов көшесі 90 «В», «Абай облысы Жарма ауданы Әуезов кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратының 1 - қабаты.

Шекаралары: Әуезов кенті, Таукент көшесі – 2, 4, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 33, 35, 37, 38, 39, 40, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 299, 320; Кеншілер көшесі – 14, 20, 22, 23, 24, 26, 28, 29, 32, 33, 37, 38, 39, 40, 41, 45, 51, 53, 57, 60, 61, 63, 64, 70, 72, 74, 75, 76, 77, 79, 81, 82, 83, 85, 87, 89, 90, 95, 97, 99, 329, 336, 340; Абай көшесі – 4, 7, 9, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 37; Варепа көшесі – 15, 19, 21, 25, 27, 29, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50 ,51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61 62; М. Садуақасов көшесі – 1, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 46, 48, 49, 50, 52, 54, 56, 57, 58, 59, 61, 62, 64, 69, 70, 72, 73, 75, 78, 79, 81, 82, 83, 84, 89, 90, 94, 350; Алтынтау көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13; Жібек жолы көшесі – 1 - 5, 7 - 13, 15, 17, 19, 25, 27, 33 - 57, 59, 61, 63, 65; Жеңіс көшесі – 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 23, 25, 27, 29, 33, 35, 37, 39, 70; Гагарин көшесі – 1 - 13, 256; Ардагер көшесі – 1 - 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16; Дружба көшесі – 1, 3, 18, 20, Солнечный ауылы.

### № 357 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: Абай облысы, Жарма ауданы, Жарма кенті, 3 квартал 35, «Абай облысы Жарма ауданы әкімдігінің Жарма аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарма кентінің клуб ғимараты.

Шекаралары: Жарма кенті, Қарақойтас станциясы, 15, 16 - айырықтар.

### № 361 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы, Байғара көшесі 4, "Абай облысы білім басқармасы Жарма ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Үшбиік ауылы, Еңрекей елді мекені, шалғайдағы мал шаруашылық учаскелері.

### № 373 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орталығы: Абай облысы, Жарма ауданы, Әуезов кенті, «Абай облысы Жарма ауданы әкімдігінің Әуезов кентінің мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: "А" кварталы – 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 21, 22, 23, 24; "Б" кварталы – 33, 34, 42, 50, 66.

# От купцов до бизнеса онлайн: как развивалась торговля в Семее

Если бы в 1718 году здесь не основали Семипалатную крепость, то город рано или поздно все равно бы появился. Причем обязательно торговый. Слишком выгодное географическое место занимает Семей, расположившись на перекрестке международных торговых караванных путей. Ежегодно каждое четвертое воскресенье июля в Казахстане отмечается День работника торговли - профессиональный праздник работников, занятых в торговле (в том числе розничной), утвержденный Постановлением правительства Республики Казахстан от 31 октября 2017 года.

**На перепутье дорог**

Сегодня эксперты недаром говорят, что Семей необходимо сделать крупнейшим в Восточном регионе Казахстана транспортно-логистическим центром. Именно в этой точке на берегу Иртыша сходятся воедино самые разные дороги: железнодорожные пути из Китая и Центральной Азии в Россию и далее в Европу или, наоборот, на Дальний Восток, разветвленная сеть автомобильных трасс по тем же направлениям. Ну и, конечно, сам Иртыш – большая судоходная река Евразии, по которой можно возить товары от Северного Ледовитого океана по Оби до Китая. Эти преимущества выгодного географического положения Семея по достоинству оценивали многие купцы, начиная с XVIII века, когда вместо крупного торгового города на берегу Иртыша была лишь небольшая военная крепость.

"К середине XIX века Семипалатинск становится центром экономической жизни, так как находился на пересечении всех торговых караванных путей, связывая между собой Монголию, Россию, Китай и Семиречье. Еще в Семипалатную крепость прибывали караваны с разнообразными товарами, постепенно развивая торговлю в городе. Именно торговля повлияла на становление города как экономически стабильного и развитого центра области", – отмечает специалист Областного историко-краеведческого музея города Семея Гульнур Кожахметова.

По словам сотрудника музея, большая часть горожан была так или иначе связана с торговлей. Потому неудивительно, что к середине XIX века, когда Семипалатинск становится центром торговли целого края, именно купечество составляет основную часть его населения. Начиная с небольших торговых операций, купцы постепенно стали заниматься и собственным производством. Так в городе появились кожевенные и мыловаренные заводы, мельницы, винно-водочные артели и заводы, первая в Казахстане паровая мельница и даже пароходство по Иртышу – дело невиданное до того времени.

"Купец Баймурат Рафиков был хозяином мыловаренного завода, кожевенный завод возглавлял купец Яков Маликов, салотопенный завод – купец Абдышев. Быстрый рост товарного земледелия, удобные пути подвоза и рынки сбыта способствовали созданию в городе крупных мукомольных производств и целого ряда других производственных площадок", – продолжила рассказ Гульнур Кожахметова.

**Первые рейсы в Поднебесную**

Кайрат Мирашев, один из крупных бизнесменов Семея, чья фирма специализируется сегодня на оптовой торговле продуктами питания первой необходимости, в начале 1990-х годов "открыл" для зарождающегося класса предпринимателей путь в Поднебесную.

"Я тогда открыл туристическую компанию и стал подумывать, как бы создать условия для организации туров в Китай. Комсомольское прошлое помогло войти в нужные кабинеты руководителей Семипалатинской области, которые поддержали идею открыть границу в районе поста "Бахты" для беспрепятственного передвижения туристических автобусов. Позже решение местной исполнительной власти поддержали и в Алма-Ате, дав "добро" на таможне и для пограничных войск", – вспоминает председатель правления Кайрат Мирашев.

"Мы провели там всего три дня, и каждый вернулся с целыми сумками дешевого товара. Помню, большинство приобрели в Китае знаменитые тогда спортивные костюмы "Адидас" и двухкассетные магнитофоны. Когда мы вернулись в Семипалатинск, слух о том, что в Китае можно купить дешевые товары, разлетелся моментально. И тогда мы организовали регулярные шоп-туры для оптовых предпринимателей", – поделился Кайрат Мирашев.

**Торговля в Семее сегодня**

На сегодняшний день в Семее на 350 тыс. населения насчитывается до 3 тыс. торговых точек. Здесь торгово-логистические центры, супермаркеты, крупные торговые дома, рынки, магазины, салоны, мелкие магазинчики "у дома" и точки мелкой розничной торговли. По данным пресс-службы городского акимата, сейчас зарегистрировано 2255 субъектов малого и среднего бизнеса без учета торговли. Из них 72 торговых дома, 954 продовольственных и 370 непродовольственных магазинов.

"Я часто вижу, как на базар приезжают большими семьями из отдаленных аулов, чтобы закупить здесь продукты, одежду, бытовую технику и многое другое. Здесь большой выбор и небольшая цена. Так что подготовиться к тою можно, как говорится, в одном месте", – поделился своими наблюдениями Кайрат Мирашев.

К слову, в торговле сейчас занято большое количество казахстанцев. И с каждым годом число предпринимателей в стране только увеличивается. Этому способствуют различные льготные программы от государства, более открыты стали банки, которые в последние годы активнее кредитуют небольшие отечественные компании.

***Источник:Zakon.kz.***

# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Жарма ауданыныңәкімдігшаруанемесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығыөндірісінжүргізуүшінжеручаскелерінжалга беру бойынша конкурс өткізеді.

Конкурсқа қатысуга Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлгаларына, жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылган тұлгалар тізілімінде тұрган тұлгаларды, сонымен қатар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартына бір жыл бойы қол қоюдан бас тартқан конкурс жеңімпаздарын қоспаганда рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысуға арналган өтінімдер және конкурс ұсыныстары Қазақстан Республикасының 2003 жылгы 20 маусымдағы Жер кодексінің 43-1 бабының және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылгы 20 желтоқсандағы № 518 «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалга алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қагидаларының» талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу он бес жұмыс күн ішінде 2024 жылдың 09 қыркүйегінен 2024 жылдың 30 қыркүйекке дейін Абай облысы, Жарма ауданы, Қалбатау ауылы, Достық көшесі, 98 «Абай облысы Жарма ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ, 4 кабинеті мекенжайы бойынша жүзеге асырылады телефон 8(72347) 65-875.

Конкурстық өтінімдермен конверттер 2024 жылдың 01 қазан сагат 10.00-де, Жарма ауданы, Қалбатау ауылы, Достық көшесі, 105, мекен жайында (қалалық әкімдіктің гимаратында) ашылады және қорытындысы шыгарылатын болады.

Конкурс:

Конкурсқа шыгарылган әрбір жер учаскесі бойынша конкурсқа қатысуга екіден аз өтінім келіп түскен;

Егер конкурсқа шығарылған әрбір жер учаскесі бойынша конкурсқа қатысуга екіден аз қатысушы жіберілген жағдайларда, өткізілмеді деп танылады.

Жер учаскесін пайдалану жөніндегі шарттар мен талаптар

1) жер учаскесі белгіленген мақсатқа сәйкес пайдаланылсын;

2) жерді қоргау, оларды орынды және тиімді пайдалану жөнінде Қазақстан Республикасының жер заңнамасында қарастырылган іс–шаралар жүзеге асырылсын;

3) ауыспалы егіс жүйесін міндетті жүргізу және сақтау қамтамасыз етілсін;

4) жер учаскесін пайдалануға арналган төлем уақытында төленсін;

5) санитарлық және экологиялық талаптарға сәйкес, өндіріс технологиялары қолданылсын;

6) 20.06.2003 жылғы № 442-II Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 65-бабында қарастырылған жер пайдаланушының басқа міндеттері орындалсын.

## Жер учаскелерінің тізбесі

| Жер уч. № лот | Алаңы,га | Топырақтың сапалы сипаттамалары | Бонитет балы | Жеручаскесінің қысқаша сипаттамасы | Жалға беру мерзімі, жыл | Жер телімінің орналасқан орыны | Шектеулер мен ауыртпашылықтар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 535,1240 га. Оның ішінде: 10,6 га шабынды, 519,5240 га жайылым және 5,0 га басқа жерлер | Тау етегі - шөл дала | 26 | Мал шаруашылығы | 10 жыл | Аршалы ауылдық округі, «Аққезен» учаскесі, Аршалы ауылынан 56 км | Жобамен бөтен жер усакелеріне жаяу немесе көлікпен жүріп өту үшін қауымдық сервитут орнату ұсынылады. |
| 2 | 700,0 га. Оның ішінде: 1,1 га шабынды, 698,9 га жайылым | Шөлді дала аймагы | 20 | Мал шаруашылығы | 10 жыл | Бірлікшіл ауылдық округі, «Көк қошқар» учаскесі, Сұлусары ауылынан ауылынан 15 км | Жобамен бөтен жер усакелеріне жаяу немесе көлікпен жүріп өту үшін қауымдық сервитут орнату ұсынылады. |
| 3 | 1132,2474 га. Оның ішінде: 42,0 га шабынды, 1056,2474 га жайылым | Шөлді аймақ | 9 | Мал шаруашылығы | 10 жыл | Суықбұлақ кенті, «Терістаңбалы шекарасы» учаскесі, Суықбұлақ ауылынан 55 км | Жобамен бөтен жер усакелеріне жаяу немесе көлікпен жүріп өту үшін қауымдық сервитут орнату ұсынылады. |
| 4 | 500,0 га. Оның ішінде: 499,9 га жайылым және 0,1 га басқа жерлер | Жартылай шөлді дала аймагы | 12 | Мал шаруашылығы | 10 жыл | Суықбұлақ кенті, «Дорорс» учаскесі, Суықбұлақ ауылынан 15 км | Жобамен бөтен жер усакелеріне жаяу немесе көлікпен жүріп өту үшін қауымдық сервитут орнату ұсынылады. |
| 5 | 1500,0 га. Оның ішінде: 1496,8 га жайылым және 3,2 га баска жерлер | Құргақ дала аймагы | 21 | Мал шаруашылығы | 10 жыл | Қызылағаш ауылдық округі, «Сәметей» учаскесі, Қызылағаш ауылынан 30 км | Жобамен бөтен жер усакелеріне жаяу немесе көлікпен жүріп өту үшін қауымдық сервитут орнату ұсынылады. |
| 6 | 2000,0 га. Оның ішінде: 170,0 га шабынды, 2025,0 га жайылым және 5,0 га баска жер | Құрғақ дала аймағы | 12 | Мал шаруашылығы | 10 жыл | Қызылағаш ауылдық округі, «Суықбұлақ» учаскесі, Қызылағаш ауылынан 35 км | Жобамен бөтен жер усакелеріне жаяу немесе көлікпен жүріп өту үшін қауымдық сервитут орнату ұсынылады. |
| 7 | 800,0 га. Оның ішінде: 759,3 га жайылым және 40,7 га басқа жерлер | Жартылай шөлді дала | 11 | Мал шаруашылығы | 10 жыл | Шар қаласы, «Қорганбай» учаскесі, Шар қаласынан 30 км | Жобамен бөтен жер усакелеріне жаяу немесе көлікпен жүріп өту үшін қауымдық сервитут орнату ұсынылады. |

# ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Акимат Жарминского района проводит конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

К участию в конкурсе допускаются физические и юридические лица Республики Казахстан, за исключением лиц, состоящих в реестре лиц, у которых принудительно изъяты земельные участки, а также победители конкурса, отказавшиеся от подписания договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения, в течение одного года.

Заявка на участие в конкурсе и конкурсные предложения должны соответствовать требованиям статьи 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года и «Правилам организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» утвержденных приказом Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе осуществляется в течение пятнадцати рабочих дней с 9 сентября 2024 года по 30 сентября 2024 года, по адресу: область Абай, Жарминский район, с. Калбатау, ул. Достык 98, ГУ «Отдел земельных отношений Жарминского района области Абай», кабинет 4, телефон 8(72347) 65-875.

Вскрытие конвертов с конкурсными заявками и подведение итогов состоится 01 октября 2024 года в 10.00. часов, по адресу: область Абай, Жарминский район, с. Калбатау, ул. Достык, 105 (здание районного акимата).

Конкурс признается несостоявшимся в случаях:

Поступления менее двух заявок в конкурсе по каждому земельному участку, выставленному на конкурс;

Если к участию в конкурсе по каждому земельному участку, выставленному на конкурс, допущено менее двух участников.

Условия и требования по использованию земельного участка

1) использовать земельный участок в соответствии с целевым назначением;

2) осуществлять мероприятия по охране земель, их рациональному и эффективному использованию, предусмотренные земельным законодательством Республики Казахстан; 3) обеспечить обязательное введение и сохранение системы севооборотов:

4) своевременно вносить плату за пользование земельным участком;

5) применять передовые технологии производства, соответствующие санитарным и экологическим требованиям;

6) выполнять другие обязанности землепользователя, предусмотренные статьей 65 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20.06.2003 года № 442-II.

## Перечень земельных участков

| № лота | Площадь, га | Качественная характеристика почв | Балл бонитета | Сельскохозяйственная специализация | Срок аренды, лет | Местоположение земельного участка | Ограничения и обременения |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 535,1240 га. Из них: 10,6 га сенокос, 519,5240 га пастбища и 5,0 га прочие земли | Предгорно-пустынно-степной и сухостепная зона | 26 | Животноводство | 10 лет | Аршалинский сельский округ, Участок «Аққкезен», 56 км от с. Аршалы | Проектом предлагается установления публичного сервитутадля прохода и проезда к землям посторонного пользования. |
| 2 | 700,0 га. Из них: 1,1 га сенокос и 698,9 га пастбища | Пустынно-степная зона | 20 | Животноводство | 10 лет | Бирликшильский сельский округ, Участок «Көк қошқар», 15 км от с. Сулусары | Проектом предлагается установления публичного сервитутадля прохода и проезда к землям посторонного пользования. |
| 3 | 1132,2474 га. Из них: 42,0 га сенокосы, 1056,2474 га пастбища и 34,0 га прочие земли | Полупустынная зона | 9 | Животноводство | 10 лет | п.Суыкбулак, Участок «Терістанбалы шекарасы», 55 км от с. Суыкбулак | Проектом предлагается установления публичного сервитутадля прохода и проезда к землям посторонного пользования. |
| 4 | 500,0 га. Из них: 499,9 га пастбища и 0,1 га прочие земли | Полупыстынная зона | 12 | Животноводство | 10 лет | п.Суыкбулак, Участок «Дорорс», 15 км от с. Суыкбулак | Проектом предлагается установления публичного сервитутадля прохода и проезда к землям посторонного пользования. |
| 5 | 1500,0 га. Из них: 1496,8 га пастбища и 3,2 га прочие земли | Сухостепная зона | 21 | Животноводство | 10 лет | Кызылагашский сельский округ, Участок «Сәметей», 30 км от с. Кызылагаш | Проектом предлагается установления публичного сервитутадля прохода и проезда к землям посторонного пользования. |
| 6 | 2200,0 га. Из них: 170,0 га сенокос, 2025,0 га пастбища и 5,0 га прочие земли | Сухостепная зона | 12 | Животноводство | 10 лет | Кызылагашский сельский округ, Участок «Суыкбұлақ», 35 км от с. Суыкбұлак | Проектом предлагается установления публичного сервитутадля прохода и проезда к землям посторонного пользования. |
| 7 | 800,0 га. Из них: 759,3 га пастбища и 40,7 га прочие земли | Полупустынная зона | 11 | Животноводство | 10 лет | Шарский городской город, Участок «Қорғанбай», 30 км от города Шар | Проектом предлагается установления публичного сервитутадля прохода и проезда к землям посторонного пользования. |

# КАЗАХСТАНСКАЯ ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА - 120 ЛЕТ ПУТИ

В 2024 году железная дорога Казахстана отмечает 120-летний юбилей. Представляем важные события и интересные факты об отечественной стальной магистрали.

Годом основания железнодорожного транспорта в Казахстане считается 1904 год, когда началось строительство Оренбург- Ташкентской железной дороги, которая соединила Россию со Средней Азией и проходила по территории Узбекской, Казахской, Киргизской и Таджикской ССР. Первая стальная магистраль способствовала развитию торговли, промышленности, социальной сферы региона. Однако первая железная дорога на территории Казахстана была открыта для движения поездов раньше - в ноябре 1894 года. Она соединила Покровскую Слободу (ныне г.Энгельс) с г. Уральск и стала продолжением линии Москва — Рязань — Саратов.

Вокзал станции Шипово (нынеТаскала Западно-Казахстанской области) считается одним из старейших на сети КТЖ. Здание построено в 1897 году.

Первая в Казахстане женщина-машинист Злиха Темиршиева управляла паровозом на участке Уральск-Илецк.

Строительство Туркестано-Сибирской магистрали (Турксиб) стало одной из важных строек первой пятилетки СССР. Железная дорога соединила Сибирь и Центральную Азию. Магистраль была построена в 1927—1930 годах и способствовала значительному росту экономики и культуры республик региона.

В этом году исполнится 145 лет со дня рождения первого казахского инженера-железнодорожника, общественного деятеля, премьера-министра Туркестанской автономии, члена партии «Алаш Орды» Мухамеджана Тынышпаева.

Первая железная дорога советского периода - участок Петропавловск – Кокчетав, построенный в 1920–1922 годах. Затем путь был продолжен через станцию Курорт-Боровое и Акмолинск (Астана) до Караганды.

1 июля 1958 года образована самая крупная в СССР Казахская железная дорога протяженностью свыше 11 тысяч километров. Она состояла из 15 отделений и соединяла Казахстан с Сибирью, Уралом, Поволжьем, Кыргызстаном и Средней Азией. В том же году по железной дороге начали курсировать первые тепловозы.

Первой железной дорогой, построенной в независимом Казахстане, стал участок Аксу – Дегелен протяженностью 184 километра. В 2004 году в эксплуатацию введена линия Хромтау – Алтынсарин (402 км). В 2008 году – 151 километр железной дороги Шар – Усть-Каменогорск. С 2009 до 2015 г. построены железнодорожные линии Узень – Государственная граница с Туркменистаном, Жетыген – Коргас, Жезказган – Бейнеу и Аркалык – Шубарколь. Появились новые маршруты в направлениях Восток – Запад и Север – Юг, обеспечен прямой выход Казахстана на Туркменистан, Иран и страны Персидского залива. В 2014-м порт Курык с магистральной железнодорожной сетью соединила новая линия Боржакты – Ерсай.

В целом за годы независимости построено более 2 500 километров новых дорог.

В 2004 году по маршруту Мангистау — Кульсары установлен мировой рекорд по перевозке негабаритного груза - оборудования для постройки нового завода компании ТенгизШевройл. Размер тяжеловеса с четырехэтажного дома, вес - 506 тонн. Груз двигался в течение трех суток с минимальной скоростью — 10 километров в час. За короткий срок был проложен новый путь на станции Сай-Утес с укладкой трех стрелочных переводов.

Первый международный контейнерный поезд по маршруту КНР - Европа отправлен 19 марта 2011 года через пограничный переход Алашанькоу - Достык со станции Чунцин (КНР). В 36 сорокафутовых крупнотоннажных контейнерах везли дорогостоящий товар: продукцию транснациональных IT- компаний. Поезд пересек государственные границы Китая, Казахстана, России, Беларуси, Польши и Германии. Расстояние более 11 тысяч километров он преодолел за 16 суток.

В 2021 году впервые транзитные перевозки в контейнерах превысили 1 млн. ДФЭ (двадцатифутовый эквивалент).

С 2022 года на казахстанской железной дороге начался новый период больших строек. Было начато строительство вторых путей на железнодорожном участке Достык – Мойынты, железнодорожных линий в обход г. Алматы, Дарбаза – Мактаарал и Бахты-Аягоз с открытием третьего пограничного перехода с КНР.

Через Казахстан проходит 5 международных железнодорожных транзитных коридоров. Интенсивно развивается коридоры: Транскаспийский международный транспортный маршрут (ТМТМ), Север – Юг, Китай - Европа -Китай.

*Пресс-служба АО «НК «Қазақстан темір жолы».*




**Приём в с. Калбатау 12-13 августа.**
**Приём г. Шар 14-15 августа.**

# ҚҰРМЕТТІ ЖАРМА АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!



2023 жыл үшін көлік салығын төлеу мерзімі 2024 жылдың 1- сәуір айында аяқталды. Содықтан уақтылы төлемеген барлық көлік иелері қарызды, оның ішінде өсімпұлды өтеуі керек. Салық сомасын «Е Салық Азамат», екінші деңгейлі Каспий, Халақ банктерінің мобильді қосымшаларының, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер басқармасының 8-723-47-65858 телефоны арқылы білуге болады.

***Жарма ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы***

# ЖАРИЯ МҮДДЕЛІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДЕПОЗИТАРИЙГЕ ТАПСЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Қаржылық есептілік-компанияның қызметі туралы қаржылық ақпаратты тіркейтін бухгалтерлік есептілік саласы. Қаржылық есептілік компанияның қаржылық жағдайы мен нәтижелерін анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар келесі мақсаттар үшін де қажет:

* бағалы қағаздарды сатып алу, сату және иелену
* компания капиталына қатысу
* компанияның басқару сапасын бағалау
* компанияның өз міндеттемелерін уақтылы орындау қабілетін бағалау

Жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілік депозитарийі - жария мүдделі ұйымдар жыл сайын тапсырылатын қаржылық есептіліктің пайдаланушылар үшін ашық және қолжетімді электрондық деректқоры болып табылады.

Депозитарий ұйымдардың қаржылық есептілігінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді, бұл олардың инвестициялық тартымдылығын арттырады, сондай-ақ пайдаланушылар негізделген экономикалық шешімдер қабылдай алатын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпараттың сапасы мен дұрыстығын арттыруға ықпал етеді.

Кез келген интернет пайдаланушысы әлемнің әр нүктесінен жария ұйымның қаржылық есептілігіне қол жетімді болу үшін қаржылық есептілік депозитарийге ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 94 бұйрығымен жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігін депозитарийге тапсыру қағидалары бекітілді.

Ұйымдар жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей салалық заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген депозитарийді жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берілген ұйымға депозитарийдің интернет-ресурсы арқылы жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.

Заңнамада қаржылық есептілік фактілерін бұрмалағаны үшін жауапкершілік қарастырылған-кәсіпорынға мемлекеттік билік органдарының өкілдері, акционерлер, кредиторлар және т. б. тарапынан белгілі бір санкциялар қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзғаны үшін көрінеу анық емес қаржылық есептілікті ұсыну, қаржылық есептілікті ұсынудан бас тарту, белгіленген мерзімді бұза отырып ұсыну не оны құрылтай құжаттарына сәйкес ұйымдардың құрылтайшыларына (қатысушыларына) дәлелді себепсіз ұсынбау, тіркеу орны бойынша Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік бақылау органдарына және олардың құзыретіне сәйкес қадағалау, қаржылық есептілік депозитарийінде ҚР ӘҚБтК 239 бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген.

**Абай облысы бойынша жария мүдде ұйымының назарына**

Жоғарыда келтірілген жауапкершіліктің туындауын болдырмау үшін басшылардан қаржылық есептілік депозитарийіне есептіліктің уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуді сұраймыз.

# ӨРТ ШЫҚПАСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Жаз айларында балалардың қараусыз қалғанынан өрт жағдайы көп тіркеледі. Ата-ананың қарауынсыз қалған бала сіріңкемен ойнап, соңы қайғылы оқиғаға әкеліп жатады.

Табиғат аясына шыққанда балаларды ата-ана қарауынсыз қалдыруға болмайды. Ең бастысы осы. Өйткені қараусыз қалған бала неше түрлі апатты жағдайға ұшырауы мүмкін. Оның ішінде су да, өрт те бар. Осы орайда ата-аналарға балаларды жалғыз қалдырмауға кеңес береміз. Егер қарайтын адам болмаса немесе амалсыздан үйде тастап кетуге мәжбүр болса, онда балаларға қарапайым қауіпсіздік ережесін сақтауды үйрету керек.

Үйде жалғыз қалған уақытта өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау керек. Ол дегеніміз – ата-ананың үйдегі электр сымдарын жарамды күйде ұстау. Одан кейін балалар өшіріп, қосып, ауыр тоқ тартатын техника мен жабдықты қоспауы керек. Сіріңкемен ойнағаннан абайсызда өрт шығады. Байқаусызда шөпті, үйдің ішіндегі затты өртеп жіберуі мүмкін. Ата-анасы баласын сыртынан жауып, кетіп қалған жағдайлар болған. Іште жалғыз қалған бала сіріңкемен ойнап, өрт шығып, үйден шыға алмай қалады.

Ең алдымен от жағатын жерді алдын ала дайындап алу қажет. Жоғарғы жағында ағаш, жан-жағында шөп болмауы керек. Шөптер болса, тазалап, күрекпен жан-жағын айналдырып, қазып шығу қажет.

Алшақ, ашық жерде арнайы орын дайындап алу керек. Барлық жұмыстар біткен кезде отты міндетті түрде сумен өшіріп кетуді ұмытпаңыздар. Өйткені жел соқса, от шоқтары ұшып, дала, орман өрттері пайда болуы мүмкін. Табиғат аясына шыққаннан кейін қоқыстарды міндетті түрде жинап, өзімен бірге алып кеткен дұрыс. Себебі шыны бөтелкесіне күн сәулесі түскеннен кейін ол қызып, шоқ пайда болады. Сол себептен барлық қоқысты жинап кеткен абзал.

***Аудандық Төтенше жағдай бөлімі.***

# АСҚА ШАҚЫРУ



**Құрметті ағайын, бауыр, құда-жекжат, дос жарандар, көршілер. Сіздерді ардақты анамыз , немерелерінің сүйікті әжесі болған Искакова Үміт Қабдрахманқызының жылдық асына шақырамыз. Ас 17 тамыз күні сағат 12-00 де Қалбатау ауылы «Нұр» мейрамханасында берілетінін барша жамағатқа хабарлаймыз.**

***Асқа шақырушылар: Балалар, ағайын-туысы***

---



**Жаңғызтөбе ауылының тумасы болған ардақты ұлымыз Тоқтаров Қуат Ғалымұлының бұл өмірден өткеніне 10 жылдың жүзі болды. Марқұмның рухына бағышталған 10 жылдық еске алу асы 17 тамыз күні сағат 12-00 де Жаңғызтобе ауылының мешіт қатымханасында берілетінін ағайын-туыс, құда-жекжат, ауылдастарға, жалпы жамағатқа хабарлаймыз.**

***Еске алушылар: Төқтарөвтар әулеті.***

---



**Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, әріптестер, дос жарандар! Сіздерді ардақты да асқар тау әкеміз Мінәшұлы Орынханның 40 күндік асына шақырамыз.**

**Ас Қалбатау ауылы “Шаңырақ” мейрамханасында 14 тамыз күні сағат 12:00 де берілетінін барша жамағатқа хабарлаймыз.**

***Еске алушылар: балалары, туыстары.***

---

**Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, көршілер, достар, әріптестер! Сіздерді ардақты әкеміз Раисов Мұратбек Қоныспекұлының рухына бағышталған 40 күндік асына шақырамыз. Күні 19.08.2024 сағат 12:00 де Мекен-жай: Қалбатау ауылы, «Шаңырақ» мейрамханасы**

***Ас беруші: жұбайы,балалары, немерелері***

---



**Құрметті ағайын-туыстар, ардақты ауылдастар. Баршаларыңызды асқар тау әкеміз Мұқашұлы Сайынға, аяулы анамыз Мұхамметуәлиқызы Бақытжамалға, Сайынұлы Ринат бауырымызға арналған еске алу асына шақырамыз. Марқұмдардың рухына арналған ас 16 тамыз күні сағат 12-00 де Қалбатау ауылы «Нұр» мейрамханасында берілетінін барша жамағатқа хабарлаймыз.**

***Еске алушылар балалары, ағайын-туыстары.***

*КОҒАМ АЙНАСЫ*

# ДІН МЕН ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Ата-бабадан аманат болып жеткен салт-дәстүрлердің бір парасы сан ғасырлардан бері ұласып келе жатқан ұғым-ұстанымдар болса, ал басым бөлігі асыл дініміздің әсерінен пайда болған дағды-әдеттер. Қазіргі аласапыран кезеңде біртұтас халық болып қалуымыз үшін алдымен тіліміз бен дінімізге, салт-дәстүрімізге берік болуымыз қажет. Ұлттық құндылықтарымызды лайықты қадірлеп, құнттай алмасақ, таным-түсінігіміз бен бітім-болмысымызға жат өзгелердің әспеттеп жүрген адамды арсыздыққа жетелейтін мәдениеті күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге әсер етуі мүмкін.

Ұлттың сақталуында діннің басым рөл атқаратындығын мұсылман халықтарының тұрмыс-тіршілігінен көруге болады. Әрбір ұлтты ұлт ретінде сақтап қалатын нәрсе тілі мен мәдениеті және осылардың негізі болып табылатын діні. Қазақ халқының сан ғасырлардан бері сақталып келе жатқан мәдени құндылықтарының негізгі мұрасы дініміз – ислам. Халқымыздың салт-санасы, әдет-ғұрпы исламдық тұрғыда, мұсылмандық таным негізінде қалыптасты. Ислам дінінің қағидаларын халқымыз әрбір мақал-мәтеліне, аңыз-әңгімесіне, жыр-дастанына, ертегісіне, шешендік сөзіне, даналық нақылына, тұрмыс-салт өлеңдеріне сіңіріп, күнделікті тұрмысында басшылыққа алар рухани және имани құндылықтарына айналдырды. Қазақ қоғамы үшін ұлттық салт-дәстүрлік құндылықтар мен діни құндылықтар ажырағысыз байланыста болды. Исламның негізгі қағидаларын халықтың жүрегіне жақын, санасына қонымды тілмен түсінікті етіп жеткізе білген ұлттың ағартушы ұстаздары мен дін ғұламаларының үлесі зор. Солардың ерен еңбегінің нәтижесінде қазақ халқы исламның рухын сезініп, жанымен қабылдап, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрімен ұштастыра білді. Осының айғағы ретінде кеңестік кезеңде өмір сүрсе де, дініміздің қағидаларын жүрегіне түйіп, естіп-көргенін көзінің қарашығындай сақтап, халқына өнгелі болып отырған қариямыздан көруге болады.

Бір асқа жиналғанымызда егде жастағы қария ақсақал былай деп сөз бастады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы дінімізбен салт-дәстүріміздің қанат жайып дамуына ерекше үлес қосып келеді. Өз басым діни басқармадан шығатын басылымдар мен ақпарат құралдарын жібермей қараймын. Кезінде «Ислам және Өркениет» газеті, «Асыл арна» телеарнасы, қазіргі таңда «Мұнара» газеті, «Иман» журналы және «MUNARA TV» телеарнасы дінімізді дәріптеумен қатар ұлттық салт-дәстүрімізге, тілімізге мән беріп барлығын бірге сабақтастырып, ұштастырып келе жатқан бұқаралақ ақпарат құралдары. Сөзін ары қарай былай деп сабақтады қария: «Біздің балалық шағымыз ауылда өтті. Ата-әжемізге ілесіп, ауызашарға барып, айт мерекелерін тойлап, мәре-сәре болушы едік. Ауылдағы мешіттің ауласында ойнап, азан дауысын естіп өстік. Мешіт көріп өскен бала жамандыққа жуымайды. Өйткені, мешіт ауылға береке кіргізеді. Мешіт ешуақытта көптік етпейді. Менің ойымша, бір ауылда бір мешіт міндетті түрде болу керек. Ата мен әженің тәрбиесін көріп мешіт ауласында өскен баланың бойында имандылық құндылықтары қалыптасады. Кез келген мемлекет даму үшін оның алғы-шарттары болады. Соның бірегейі – имандылық. Адам рухани тұрғыдан бай болмаса, оның қолындағы байлықтан да, биліктен де қайыр жоқ. Имансыз адам әділетсіздікке жол береді. Әділетсіз адам қоғамға қиянат жасайды. Айта берсек, зардабы өте көп. Ислам озық ой мен алға дамудың діні ретінде қай кезде де ғылыми-ағартушылық бағытты негіз етіп алды. Сондықтан да адамзатты білімге, оқуға үндеді. Ислам діні қоғамдағы кез келген келеңсіз мәселені шешуге қауқарлы. Қазір әлем елдері қарақшылықтан, ұрлық-қарлықтан, жезөкшелік пен нашақорлық дертінен айығудың жолын таппай, сарсаңға түсуде. Ал Ислам діні мұндай қатігездік пен күнәға жол бермейді. Сондықтан біз өз ата дінімізге деген көзқарасымызды түзеуіміз керек. Біз қанша жыл дінге қарсы саясатты бастан кештік. Сонда да Аллаға деген сенімге селкеу түсірмедік. Расында, рухани құндылықсыз болашаққа қадам баса алмаймыз. Дін бен салт-дәстүріміз – қос қанатымыз. Осы қос құндылықты халық арасында көбірек насихаттасақ, қоғам ізгілікке ұмтыла бастайды. Осы ретте асыл дініміз бен салт-дәстүрімізді сабақтастырып дәріптеп келе жатқан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына ұжымына, имамдарына алғысымды айтамын».



Бүгінде әлем мұсылмандарының басым бөлігі ұстанатын, Қазақстан мұсылмандары үшін де дәстүрлі болып табылатын ханафи мазһабының іргесін қалаған имам Ағзам Әбу Ханифа ілімінде ислам дінін қабылдаған жергілікті халықтардың салт-дәстүріне баса мән берілді. Ханафи мазһабында әдет-ғұрыптар исламдағы пәтуа шығарудың, яғни белгілі бір мәселеге қатысты діни үкім берудің бір негізі ретінде саналады. Демек, жергілікті халықтың дәстүріне тән қандай да бір әдет немесе ғұрып ислам шариғатына қайшы келмесе, оны қолдануға, сол бойынша іс-әрекет етуге ешбір шектеу қойылмайды. Сондықтан да дін мен дәстүр сабақтастығы ұласып, ата-бабамыздан келе жатқан ғұрпымызбен астасып жатса, ілім мен білімнің ұштасқаны деп білеміз.

***К.Шынбат.***

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Құрметті тұрғындар!

«ГМК «Васильевское» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: Боко-Васильев кен орнының сульфидті кендерін өндіру бойынша Тау-кен жұмыстары жоспарына қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін материалдар. Әсер ету аймағы: Абай ауданы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Бөке, Ақжал ауылдары (әкімшілік жағынан Жаңаөзен қаласына қарайтын Ақжал және Бөке ауылдарының аз қоныстанған ауылдары Ақжал ауылдық округіне қарайды). Кен өндіру алаңының ауданы 16 гектарды құрайды. Координаттар:49° 06′ 28.5629″ N (СЕ), 81° 33′ 14.0970″ E (ШБ); 49° 06′ 30.0168″ N (СЕ), 81° 33′ 14.1790″ E (ШБ); 49° 06′ 31.22″ N (СЕ), 81° 33′ 49.23″ E (ШБ); 49° 06′ 38.26″ N (СЕ), 81° 33′ 52.26″ E (ШБ); 49° 06′ 38.02″ N (СЕ), 81° 33′ 1.86″ E (ШБ); 49° 06′ 17.98″ N (СЕ), 81° 33′ 57.00″ E (ШБ); 49° 06′ 17.1798″ N (СЕ), 81° 33′ 31.0978″ E (ШБ)

Қоғамдық тыңдаулар 16.09.2024 сағат 11.00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, "Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты ММ" ғимаратында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін Бөке, Ақжал ауылдарының тұрғындарына көлік беріледі. Бөке және Ақжал ауылдарынан көлік жөнелту уақыты 16.09.2024 жылы сағат 9.30 де. Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта өтеді (ашық жиналыс және ZOOM платформасында бейнеконференция).

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделін отырган қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecoportal.kz/, сондай-ақ "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-45-35, 8 (777) 287-49-61. Электрондық мекен-жайы: aktoty_mira@mail.ru.

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «ГМК «Васильевское» ЖШС Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 13 үй, 1В ғимарат, 6 қабат, 605-606 кеңсе, тел: 8 (7273) 550 580, E-mail: administrator@datamining.kz, БСН 141040025888.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: "LegalEcologyConcept" ЖШС, Өскемен қ., 070002, Трудовая к-сі, 9, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

Уважаемые жители!

ТОО «ГМК «Васильевское», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания. Наименование проектной документации: Материалы для получения экологического разрешения на воздействие к Плану горных работ по добыче сульфидных руд Боко-Васильевского рудного поля. Территория воздействия: Область Абай, Жарминский район, Акжальский сельский округ, поселки Боке, Акжал (малонаселенные пункты поселок Акжал и Боке относится к Акжальскому сельскому округу, которые административно относятся к Жанаозену). Площадь участка ведения горных работ составляет – 16 Га. Координаты: 49° 06′ 28.5629″ N (СШ), 81° 33′ 14.0970″ E (ВД); 49° 06′ 30.0168″ N (СШ), 81° 33′ 14.1790″ E (ВД); 49° 06′ 31.22″ N (СШ), 81° 33′ 49.23″ E (ВД); 49° 06′ 38.26″ N (СШ), 81° 33′ 52.26″ E (ВД); 49° 06′ 38.02″ N (СШ), 81° 33′ 1.86″ E (ВД); 49° 06′ 17.98″ N (СШ), 81° 33′ 57.00″ E (ВД); 49° 06′ 17.1798″ N (СШ), 81° 33′ 31.0978″ E (ВД)

Общественные слушания состоятся 16.09.2024 года в 11.00 часов по адресу: Республика Казахстан, область Абай, Жарминский район, Акжальский сельский округ, село Жанаозен, ул. Ер Жәнібек 8, в здании «ГУ Аппарат Акима Акжальского сельского округа». Для жителей поселков Боке, Акжал будет предоставлен транспорт для участия в общественных слушаниях. Время отправки транспорта от п. Боке и Акжал в 9.30 часов 16.09.2024 ғода. Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи на платформе ZOOM). Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz/, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» e-priroda.gov.kz в разделе «Общественные слушания»: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу: г. Семей, ул. Турлыханова, 30, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел.: 8 (7222) 35-45-35, 8 (777) 287-49-61. Электронный адрес: aktoty_mira@mail.ru.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ГМК «Васильевское» г. Алматы, Бостандыкский район, проспект Аль-Фараби, дом 13, здание 1В, 6 этаж, офис 605-606 Тел: 8 (7273) 550 580 E-mail: administrator@datamining.kz БИН 141040025888.

Разработчик проектной документации: ТОО «Legal Ecology Concept», г. Усть-Каменогорск, 070002, ул. М. Горького 21, БИН: 211040029201, тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Дополнительную информацию можно получить по адресу электронной почты: toolec21@gmail.com и тел: +7 (777) 414-90-10.



Редакцияның мекен-жайы: 070600, Абай облысы, Жарма ауданы, Қалбатау ауылы, Қабанбай к-і, 101/4үй

«Калба тынысы» газеті "Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті"республикалық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылғы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ92VPY00086934 куәлігі берілген.

Жарнаманың нақтылығына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына бір рет қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Газет «Қалба тынысы» ғазетінің компьютерлік орталығында беттеліп, Өскемен қаласындағы,Абай даңғылы, 20 үйде орналасқан «Печатное издательство – агентство «Рекламный Дайджест» ЖШС –де офсеттік тәсілмен басылған.

Тираж -2900 Тапсырыс: №222

БАҚ –тың меншік иесі: ЖК «Арыхқан»

Директор: Кәусар Арықханқызы.

Уважаемые жители!

ТОО «ГМК «Васильевское», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания. Наименование проектной документации: Материалы для получения экологического разрешения на воздействие к Плану горных работ по добыче сульфидных руд Боко-Васильевского рудного поля. Территория воздействия: Область Абай, Жарминский район, Акжальский сельский округ, поселки Боке, Акжал (малонаселенные пункты поселок Акжал и Боке относится к Акжальскому сельскому округу, которые административно относится к Жангизтобе). Площадь участка ведения горных работ составляет – 16 Га. Координаты: 49° 06' 28.5629" N (СШ), 81° 33' 14.0970" E (ВД); 49° 06' 30.0168" N (СШ), 81° 33' 14.1790" E (ВД); 49° 06' 31.22" N (СШ), 81° 33' 49.23" E (ВД); 49° 06' 38.26" N (СШ), 81° 33' 52.26" E (ВД); 49° 06' 38.02" N (СШ), 81° 33' 1.86" E (ВД); 49° 06' 17.98" N (СШ), 81° 33' 37.00" E (ВД); 49° 06' 17.1798" N (СШ), 81° 33' 31.0978" E (ВД).

Общественные слушания состоятся 16.09.2024 года в 11:00 часов по адресу: Республика Казахстан, область Абай, Жарминский район, Акжальский сельский округ, село Жангизтобе, ул. Ер Жанибек 8, в здании «ГУ Аппарат Акима Акжальского сельского округа». Для жителей поселков Боке, Акжал будет предоставлен транспорт для участия в общественных слушаниях. Время отправки транспорта от п. Боке и Акжал в 9:30 часов 16.09.2024 года. Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи на платформе ZOOM). Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz/, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» e-priroda.gov.kz в разделе «Общественные слушания» https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу г. Семей, ул. Турлыханова, 30, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел. 8 (7222) 35-45-35, 8 (777) 387-44-61. Электронный адрес: akiaty_ miru@mail.ru

Инициатор намечаемой деятельности ТОО «ГМК «Васильевское» г. Алматы, Бостандыкский район, проспект Аль-Фараби, дом 13, здание 1В, 6 этаж, офис 605-606 Тел. 8 (727) 350 580 E-mail: administrator@datamining.kz БИН 141040025888

Разработчик проектной документации ТОО «Legal Ecology Concept», г. Усть-Каменогорск, 070002, ул. М. Горького 21, БИН 211040029201, тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com

Дополнительную информацию можно получить по адресу электронной почты: toolec21@gmail.com и тел: +7 (777) 414-90-10.

Құрметті тұрғындар!

ГМК «Васильевское» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: Боко-Васильев кен орнының сульфидті кендерін өндіру бойынша Тау-кен жұмыстары жоспарына қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Боке, Ақжал ауылдары (әкімшілік жағынан Жангизтөбе кентіне қарайтын Ақжал және Боке ауылдарының аз қоныстанған ауылдары Ақжал ауылдық округіне қарайды). Кен өндіру аланының ауданы 16 гектарды құрайды. Координаттар 49° 06' 28.5629" N (СЕ), 81° 33' 14.0970" E (ШБ); 49° 06' 30.0168" N (СЕ), 81° 33' 14.1790" E (ШБ); 49° 06' 31.22" N (СЕ), 81° 33' 49.23" E (ШБ); 49° 06' 38.26" N (СЕ), 81° 33' 52.26" E (ШБ); 49° 06' 38.02" N (СЕ), 81° 33' 1.86" E (ШБ); 49° 06' 17.98" N (СЕ), 81° 33' 37.00" E (ШБ); 49° 06' 17.1798" N (СЕ), 81° 33' 31.0978" E (ШБ).

Қоғамдық тыңдаулар 16.09.2024 сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Жангизтөбе ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, "Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты ММ" ғимаратында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін Боке, Ақжал ауылдарының тұрғындарына көлік беріледі. Боке және Ақжал ауылдарынан көлік жөнелту уақыты 16.09.2024 жылы сағат 9:30-де. Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта өтеді (ашық жиналыс және ZOOM платформасында бейнеконференция).

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша жоғарыда көрсетілген бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecoportal.kz/, сондай-ақ "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Семей қаласы, Турлыханов көшесі 30, "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады 8 (7222) 35-45-35, 8 (777) 387-44-61. Электрондық мекен-жайы: akiaty_miru@mail.ru

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «ГМК «Васильевское» ЖШС Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 13 үй, 1В ғимарат, 6 қабат, 605-606 кеңсе, тел. 8 (727) 350 580, E-mail: administrator@datamining.kz. БСН 141040025888

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші "LegalEcologyConcept" ЖШС, Өскемен қ., 070002, Трудовая к-сі, 9, БСН 211040029201, Тел. +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10

12.08.2024
10:31


12.08.2024
10:31


12.08.2024
10:31


12.08.2024
10:31

Уважаемые жители!

ТОО «ГМК «Васильковское», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания [illegible]. Материалы для получения экологического разрешения на воздействие для Плана горных работ по добыче сульфидных руд [illegible] месторождения. Территория воздействия: область Абай, Жарминский район, Акжальский сельский округ, поселки Бакы, Акжал [illegible]. Координаты [illegible]: 49° 06' 28 [illegible] N [illegible] 81° [illegible] E (ВД); 49° 06' 30 [illegible]" N (СШ) [illegible] 81° 33' 44 [illegible] E (ВД) [illegible] 49° 06' 28.24" N (СШ) [illegible] 81° 33' 57.06" E (ВД) [illegible].

Общественные слушания состоятся 16.09.2024 года в 11.00 часов по адресу: Республика Казахстан, область Абай, Жарминский район, Акжальский сельский округ, село [illegible], ул. [illegible] 2, в здании «ГУ Аппарат Акима Акжальского сельского округа». Для жителей поселков Бакы, Акжал будет предоставлен транспорт для участия в общественных слушаниях. Время отправки транспорта от п. Бакы и Акжал в 9.30 часов 16.09.2024 года. Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи на платформе ZOOM). Регистрация начинается за 15 минут до начала обсуждения.

С текстом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» [illegible] в разделе «Общественные слушания» https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigi

Все замечания и предложения принимаются в письменном виде не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу: г. Семей, ул. [illegible] 30 ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел. 8 (7222) 55-45-33, 8 (777) [illegible]. Электронный адрес: [illegible]

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ГМК «Васильковское» г. Алматы, Бостандыкский район, проспект Аль-Фараби, дом 17, здание 1Б [illegible], офис [illegible], тел. 8 (727) [illegible] Email: [illegible] БИН 141040025888(?)

Разработчик проектной документации: ТОО «Legal Ecology Consulting», г. Усть-Каменогорск, 070002, ул. М. Горького 98, БИН [illegible], тел.: +7 (777) 414 90 10, e-mail: [illegible]21@gmail.com

Дополнительную информацию можно получить по адресу электронной почты: [illegible]@gmail.com и тел. +7 (777) 414 90 10

Құрметті тұрғындар!

[illegible] ГМК «Васильковское» ЖШС [illegible] Экологиялық кодексінің [illegible] ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. [illegible] Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Бақы, Ақжал [illegible]. Координаттары: 49° 06' 28.5629" N [illegible] 81° 33' [illegible] E [illegible]

Қоғамдық тыңдаулар 16.09.2024 жылы 11.00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі [illegible] мекенжайы бойынша [illegible] ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс [illegible] 15 минут бұрын басталады [illegible]

Құжаттамамен [illegible] https://ecoportal.kz [illegible] https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigi

Барлық ескертулер мен ұсыныстар [illegible] Семей қ., [illegible] 30 [illegible] тел. 8 (7222) 55-45-33, 8 (777) [illegible]

[illegible] ГМК «Васильковское» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 17 үй [illegible] тел. 8 (727) [illegible] БСН 141040025888(?)

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Consulting» ЖШС, Өскемен қ., 070002, [illegible] БСН [illegible] тел. +7 (777) 414 90 10, e-mail: [illegible]21@gmail.com

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: [illegible] және тел. +7 (777) 414 90 10

12.08.2024
10:32

Уважаемые жители!

ТОО «ГМК «Васильевское», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания [illegible] проектной документации: «Материалы для получения экологического разрешения на воздействие к Плану горных работ по добыче сульфидных руд Боко-Васильевского рудного поля. Территория воздействия: Область Абай, Жарминский район, Акжальский сельский округ, поселки Боке, Акжал (ближайшие населенные пункты поселок [illegible] и Боке относятся к Акжальскому сельскому округу, которые административно относятся к Жарминскому). Площадь участка ведения горных работ составляет 16 Га. Координаты: 49° 06' 28.5629" N (СШ), 81° 33' 14.0970" E (ВД), 49° 06' 30.0168" N (СШ), 81° 33' 14.[illegible]" E (ВД), 49° 06' [illegible]" N (СШ), 81° 33' 49.21" E (ВД), 49° 06' 38.26" N (СШ), 81° 33' [illegible].26" E (ВД), 49° 06' 18.02" N (СШ), 81° 33' [illegible].86" E (ВД), 49° 06' 17.98" N (СШ), 81° 33' [illegible]" E (ВД), 49° 06' 17.1798" N (СШ), 81° 33' 31.0978" E (ВД);

Общественные слушания состоятся 16.09.2024 года в 11:00 часов по адресу: Республика Казахстан, область Абай, Жарминский район, Акжальский сельский округ, село Жангиз[illegible], ул. Ер Жанибек 8, [illegible] здании «ГУ Аппарат Акима Акжальского сельского округа». Для жителей поселков Боке, Акжал будет предоставлен транспорт для участия в общественных слушаниях. Время отправки транспорта из п. Боке и Акжал в 9:30 часов 16.09.2024 года. Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи на платформе ZOOM). Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения.

С проектом документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» e.priroda.gov.kz в разделе «Объявления»: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу: г. Семей, ул. Турганбаева, 30, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел. 8 (7222) 35-45-35, 8 (7[illegible]) 287-49-81. Электронный адрес: akimi_[illegible]@mail.ru.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ГМК «Васильевское», г. Алматы, Бостандыкский район, проспект Аль-Фараби, дом 17, здание 1В, 6 этаж, офис 605 606. Тел. 8 (7273) 550-580. E-mail: administrator@dalamining.kz. БИН 141040025888

Разработчик проектной документации: ТОО «Legal Ecology Concept», г. Усть-Каменогорск, 070002, ул. М. Горького 21, БИН 210640029201, тел. +7 (777) 414-90-10, e-mail: lecolee21@gmail.com

Дополнительную информацию можно получить по адресу электронной почты: lecolee21@gmail.com и тел. +7 (777) 414-90-10.

Құрметті тұрғындар!

«ГМК «Васильевское» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: Боко-Васильевское кен өрісінің сульфидті кендерін өндіру Жоспарына [illegible] жұмыстары жоспарына қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін материалдар. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Акжал ауылдық округі, Боке, Акжал ауылдары [illegible] Жарма ауданына қарайды. [illegible] Боке [illegible] Акжал ауылдық округіне қарайды. Кен өндіру жұмыстарының ауданы 16 гектарды құрайды. Координаттар: 49° 06' 28.5629" N (СЕ), 81° 33' 14.0970" E (ШБ), 49° 06' 30.0168" N (СЕ), 81° 33' 14.[illegible]" E (ШБ), 49° 06' [illegible].23" N (СЕ), 81° 33' 49.23" E (ШБ), 49° 06' 38.26" N (СЕ), 81° 33' 52.26" E (ШБ), 49° 06' 18.02" N (СЕ), 81° 33' [illegible].86" E (ШБ), 49° 06' 17.98" N (СЕ), 81° 33' 57.00" E (ШБ), 49° 06' 17.1798" N (СЕ), 81° 33' 31.0978" E (ШБ).

Қоғамдық тыңдаулар 16.09.2024 ж. сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Акжал ауылдық округі, Жангиз[illegible] ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Акжал ауылдық округі әкімінің аппараты ММ» ғимаратында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін Боке, Акжал ауылдарының тұрғындарына көлік беріледі. Боке және Акжал ауылдарынан көлік жөнелту уақыты 16.09.2024 ж. сағат 9:30-да. Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және ZOOM платформасында бейнеконференция) өткізіледі. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қоғамдық мәселелер бойынша [illegible] телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттамамен Бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecoportal.kz/, сондай-ақ "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайтында: e.priroda.gov.kz "Хабарландырулар" бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Семей қаласы, Турғанбаев көшесі 30, "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, [illegible] жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады 8 (7222) 35-45-35, 8 (77[illegible]) 287-49-81. Электрондық мекен жайы akimi_[illegible]@mail.ru.

Ұсынылып отырған қызметтің бастамашысы: «ГМК «Васильевское» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 17 үй, 1В ғимарат, 6 қабат, 605-606 кеңсе. Тел. 8 (7273) 550-580. E-mail: administrator@dalamining.kz. БСН 141040025888

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: "Legal Ecology Concept" ЖШС, Өскемен қ., 070002, Горький көш., 9, БСН 210640029201, тел. +7 (777) 414-90-10 e-mail: lecolee21@gmail.com

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: lecolee21@gmail.com және тел. +7 (777) 414-90-10

12.08.2024
10:31